Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының алғашқы жиынынан-ақ сол бұрынғы генерал-губернаторлық мұрағатын реттеу мәселесі сөз болды. Комиссияның алғашқы жылдары комиссия төрағасы П.Н.Роспопов мұрағат реттеу жұмысын өз қолына алды. Мұрағат құжаттарын сақтау, жою, істерді тақырыптарға топтастыру, тізім жасау, аса маңызды құжаттарды тақырыпшаның, не тізімнің басында атап көрсету, тіпті кейбір тарихи маңызы бар құжаттарды жергілікті «Оренбургский листок», «Губернская ведомостей» газеттеріне беріп жариялап отырған. Алғашқы комиссияның 10 жылдық жұмысы жергілікті баспасөздерге жариялау арқасында тарихын сақтап қалған 55 ғылыми реферат мұрағат материалдары арқылы жасалса, соның көпшілігі жергілікті баспасөзде жарияланған .

Комиссия генерал-губернаторының мұрағатын көрсеткіш алфавиттік арқылы құраған. 1888 жылғы комиссия шешімі бойынша Г.Иванов пен П.С.Словохотовтың өздеріне бекітілген жұмыс мұрағат құжаттарын алфавиттік көрсеткіш бойынша құраған.

1889 жылы комиссия мүшесі А.Н.Игнатович Орск қалалық Думасының мұрағатын реттеген. Ал мүше С.Н.Севастьянов Орынбор казак әскерилер мұрағатының құжаттарын жинастырумен айналысқан.

Комиссия жұмысының алғашқы жылдарында мұрағат құжаттарын баспасөздерге, жалпы жариялауға тыйым салынбаған. Ал мұрағат құжаттарын реттеу ісіне Орынбор қаласындағы сауатты, жинастыруға қатысам деген мұғалім, дәрігер, т.б. мамандықтағы адамдардың барлығына қатысуына мүмкіндігі болған.

1889 жылдың 28 наурызындағы кезекті мәжілісі бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығының мұрағат құжаттарын реттеуде формулярлық тізімдерді, аттестаттарды, жарлық, грамота, рескрипті, яғни, құқықтық маңызы бар құжаттарды ерекше тізімге іліктіріп және жоюға жібермеуге шешім қабылдады.

Осы жылдан бастап, мұрағат дерегін пайдаланып жазылған ғылыми жазбаларын «Еңбектерге» топтастырып шығаруға шешім қабылдады. 1889 жылы «Оренбургский листоктың» №109 санының қосымшасында комиссия мүшесі А.В.Игнатович баяндамасы жарық көрген. Онда автор Торғай облыстық басқармасының құжатын реттеген. А.В.Игнатьевич баяндамасынан байқағанымыздай, алты тізбеден, 1835 жылдан басталған көптеген құжаттарды жоюға жіберген. «Қолапайсыз қолдың» әрекетімен құнды-құнды тарихы бар материалдар жойылған. Автор баяндауынша патша үкіметінің

саясаты, «қырғыз жабайыларына» қарсы қолданған шаралардың әлсіздігі көп жағдайда оларды жазалай алмағандығы, олардың башқұрт, орыстар қоныстанған шекаралық шепке дейін келіп-кетіп жүргендігі, қазақтар олардың малын, адамдарды айдап алып кеткендігі, Хиуа мен Бұхара базарларына сатып жіберетіндігін айтады және нақты деректер келтіре кетеді.

Игнатьевич Торғай облыстық басқармасы мұрағатының тізбелерін баяндай отыра көптеген құны бар мұрағат деректерін жоюға жібергендігі, сонымен қатар тарихи құны жоқ жоюға жіберетін біраз құжаттар барын атап өтеді. Оның үстіне бұрмаланған ешбір тізімге кірмеген іс-құжаттардың барлығы, өзге мұрағаттарға кеткен, жеке қолға кетіп қайтпағанда іс-құжаттардың баршылық екендігін баса айтады. Одан автор мынадай пікір білдіреді, бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы басқармасы канцеляриясының мұрағаттарын жинап тауыса алмай жатқанда, Орал және Торғай облыстық басқармасы мұрағаттарының құжаттарын жинаймыз деуіміз ақылға сыйымсыз әрекет деп атап көрсетеді. Одан соң өзі тізімдеген Торғай облыстық басқармасының мұрағатының іс-құжаттарын ұсынады.

1889 жылдың мәжілісінде комиссия мүшесі Королев-Антошечкин Ішкі Бөкей Ордасының қырғыз училищесінің инспекторы Орынбор өлкесін зерттеуші А.Е.Алекторовты мүшелікке ұсынады [6,-с.62]. Одан әрі ол А.Е.Алекторовтың Орынбор қалалық училищесінің оқытушысы бола жүре, генерал-губернатор мұрағатында жұмыс жасап, өлкенің тарихы, этнографиясы және географиясы туралы хабарлама, статьялар жазумен айналысқандығы оның «Орынбор губерниясының тарихы» (Оренб.лист., 1882), «Орынбор губерниясының географиялық очеркі (1889)», «Башқұрттар тарихи очерк» (1885), «Қалмақтар тарихи очерк» (1886), «Қазақтар тарихи очерк» (1876), «Генерал Перовскийдің Хиуаға жасаған экспедициясының қызықты оқиғалары» (1884), «Қоқан бекінісі, Ақмешітті басып алуы» (1887), т.б. еңбектері мұрағат деректерімен, кейбір мақалалары жеке өзінің зерттеулері арқасында жазылған. Академик А.Е.Алекторовты өзгелерден ерекшелігі тиянақты, білімге деген талпынысы, Орынбор өлкесінің тарихын білуге деген қызығушылығы, көптеген ғылыми тұрғыдан қарағанда оның еңбектері ғылымға көп пайда әкелері сөзсіз деп бағалаған. Сонымен комиссияның мүшелігіне бірауыздан қабылданады. А.Е.Алекторов Астрахан Петровский қоғамына мүше болған. Ішкі Бөкей Ордасында 8 жылдай қызмет жасаған кезеңде

700 статья мен хабарламалар, жергілікті баспасөзде жарық көрген [6,-с.101.]. Орынборлық тарихшы Ю.Е.Зобов А.Е.Алехторовтың тарихшы ретінде оқиғаны шынайы баяндайтындығын айта келе, еңбектерінде кейбір оқиғалар туралы дұрыс емес ақпараттар жібергендігін атап өтеді [6,-с.98.]. Комиссия төрағасы мұрағат қорын жинақтаумен қатар өлкеде археологиялық, этнографиялық зерттеулерді қатар жүргізуді ұсынады. Комиссия мүшелеріне комиссияның алғашқы жинағын үлестіріп берген.

Комиссия мүшелері Орынбор генерал-губернатор мұрағатын жиыстырумен айналысқан. Сонымен қатар өзге де ғылыми қоғамдармен хат алмасқан. Оны мұрағатта сақталған мына құжаттардан көруге болады: 1891 жылы 30 наурызда Орынборға Калуга ғылыми мұрағаттық комиссиясы өз мәжілістерінің журналын жіберген. Кейін 1891 жылдың 10 мамырында 1891 жылдан ашылған Калуга ғылыми мұрағаттық комиссиясы өз мәжілістерінің хаттамаларын, баспа материалдарын жіберіп, хат алмасуларын өтінген [7,-23п.].

1890 жылдың 6 қазанында Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының атынан кеңесші Червецкий 1887 жылы алған 2 делоны: Бұрынғы Орынбор генерал-губернатор басқармасына Торғай әскери губернатор есепті баяндамасының көшірмесі және 1878-1879 жж. қосымшалармен жіберген іс-қағаздарының алған-алмағандығы жөнінде хабарлауын өтінеді [8,-8п.].

Торғай облыстық басқармасына 1890 жылдың 7 қарашасында комиссия атынан П.П.Бирк құжаттарды алғандығын хабарлайды .

1895-96 жылдары комиссия өз жұмысын одан әрі жалғастырды. Комиссия құрамында Орынбор губернаторы В.И.Ершов құрметті мүшесі Орынбор оқу округінің жасырын кеңесшісі И.Я.Ростовцев, ал басқару құрамында төрағасы П.П.Бирк, төраға көмекшісі – А.В.Соколов, іс-жүргізушісі И.И.Евфимовский-Мировецкий, қазынашы Н.Г.Иванов, мұрағаттық комиссия үйінің меңгерушісі А.В.Попов және 66 мүшесі болды. Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының төрағасының 1893 жылы 5 ақпандағы археологиялық институтының директоры А.Труворовқа №474 қатынас қағазынан байқағанымыздай, Әскери кеңес шешімімен Орынбор казак әскерилерінің Әскери басқармасының Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясына Орынбордағы Орал өзені жағасындағы екі этажды тас үйді 1500 рубқа 5 жыл төлейтін қылып осы жылдан комиссия меншігіне берген [9,-13п.].

1895 жылдың қысынан 1896 жылында мұрағат құжаттарын көшірген. 1896 жылдан бастап генерал-губернатор мұрағаты іс-құжаттары хронологиялық бөлімдер бойынша реттелген. Сонымен қатар төраға П.П.Бирк мұрағат жанына жергілікті тарихи-этнографиялық мұрағат ашумен айналыса бастады. 1895-1896 жылдары 12 мәжіліс өткізіп, 1896 жылдың 16 желтоқсандағы комиссияның жылдық жиналысы алғаш рет қоғамдық залда ашық түрде өткізіліп, жиналыста Н.Г.Иванов пен Н.Н.Ардашев есеп рефераттарын баяндаған.

Дей тұрғанмен, комиссияның өзінің ғимараты болуы комиссия мүшелеріне сәл де болса, мұрағатты жинастыруға деген мүмкіндік сезімін оятты деп айтуымызға болады. Себебі, 1897 жылғы мұрағаттық комиссияның қызметінің жандана түскенін байқауымызға болады. Комиссия төрағасы П.П.Бирк мұрағат құжаттарын хронологиялық жолмен реттеуді және жинастырған құжаттарды ғылыми жұмыстарға пайдалануға ұсыныстар жасады. Комиссия мүшелерінің қызметін жандандыру үшін және жұмыстың сапалы орындалуы үшін әрбірінен қолхат алып, жеке жауапкершіліктеріне сеніп, мұрағат құжаттарын үйге берген. Комиссия мүшелері қажырлы тегін еңбек еткен. Оның үстіне ғылыми мұрағаттық комиссияға ай сайын жан-жақтан сақтауға және жоюға жіберілген бірнеше мыңдаған құжаттарды тексертуге келіп жатты. Тіпті, 1896 жылғы 8 қаңтардағы жалпы жиналысында комиссия мүшелерінің мүшелік жарнасын 1 жылға 3 сомнан жинауға бекіткен. Төраға көп кешіктірмей жарналарын комиссия қазынасына өткізуді өтінген.

А.В.Попов 1903 жылдан ғылыми комиссияның төрағасы қызметін атқарған. Ол бірнеше ғылым саласына өз еңбегін арнаған. Бірнеше археологиялық зерттеулерге қатынасқан. А.В.Поповтың айтулы монографиясы - «Орынбор губерниясындағы 1829-1833жж. оба эпидемиясы» атты еңбегі. Бұл еңбегі туралы А.Ц.Попов еңбек тұтастай бұрынғы таратылған Орынбор генерал-губернаторлығы канцеляриясының мұрағат құжаттары негізінде жазылған. Біраз мұрағат деректерін Торғай облыстық басқармасынан (бұрынғы шекаралық комиссия), Орал әскери басқармасынан, Уфа губерниялық басқармасы және Орынбор қалалық мұрағаттарынан алынған деп көрсетеді. Ол Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының төрағасы ретінде тарихи мұрағатқа құжаттарды орналастыруда, ғылыми мұрағаттық қызмет деңгейін көтеруде, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, көне ескерткіштерді

жинақтауда өлкеде мұражай ісін құруда, кітапхана, баспасөз және оқу-ағарту, медицина қызметінде өзін маман, басшы, ұйымдастырушы ретінде көрсете білді.

1897 жылы 28 қаңтардағы бірінші мәжілісінде мұрағат бойынша үш баяндама тыңдалған. Біріншісі, С.Н.Севастьяновтың «Орынбордағы И.И.Неплюев ескерткішінің бастамасы, Неплюев училищесінің қазіргі Неплюев кадет корпусының негізін салушы Орынбор әскери губернаторы князь Г.С.Волконский, екіншісі Ц.П.Водопьяновтің «1803 жылғы поручик Я.Гавердовскийдің Бұхараға жасаған елшілігі», үшіншісі С.Н.Севастьяновтың Орынбор көпшілік кітапханасынан ізденген: «Орынбор губерниялық ведомоствосы газетінің ресми емес бөлімінің көрсеткіштерінің алғашқы басылымдары» атты баяндамаларынан Орынбор өлкесі туралы бірнеше қызықты статьялар жарық көрген .

Сонымен жазғы демалыстарынан кейін И.С.Шукшинцевтің баяндауынша 1897 жылдың 5 маусымынан 1 тамызға дейін комиссия мүшелері Орынбор генерал-губернаторлығы канцеляриясының 4.202 құжатын, қарап, сақтауға 1218 іс және жоюға 2984 істі жіберген.

1897 жылы 18 маусымда мұрағаттық комиссия мүшелері М.Л.Юдин және И.С.Шукшинцев бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы канцеляриясының 1878 жылғы 5 іс-құжаттың 13-ін сақтауға, анықтамалық сақтауға 4 іс, жоюға 78 іс-құжатты жіберген.

1898 жылғы 17 сәуірдегі мәжілісінде комиссия жиналысына қатысушылардың жоғарғы мұрағат орналасқан жерге рұқсатсыз кіруіне байланысты, тіке 2-ші қабатқа көтерілетін баспалдақ пен есікті қондыруды талап етті. Бұл жылы комиссия бұрын Орынбор генерал-губернаторлығы канцеляриясының азаматтық бөлімінің 7469 ісін, ал төраға осы канцелярияның құпия бөлімінің барлық құжаттарын реттеген. Азаматтық бөлімнен сақтауға 2011 іс-құжаттар, ал жоюға 5453 іс-құжаттар бас-аяғы -18.450 іс-құжаттар реттелген. Осы жылы мұрағатта: П.П.Бирк, А.В.Соколов, М.Л.Юдин, И.С.Шукшинцев реттеген.

1899 жылы да бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы канцеляриясы мұрағатын реттеу одан әрі жүргізілді. Мұрағат құжаты 1789 жылдан бастау алады. Жыл сайынғы мұрағат құжатын реттеуде комиссия мүшелерінің өзі бірнеше іс-құжатты жоюға жіберіп отырды. 1899 жылдың алғашқы 6 айлығында азаматтық және шекаралық істер бөлімдерінен 5069 құжат, оның ішінде сақтауға 1014 және жоюға 4055 құжат жіберілген. Осы жылы да

құжаттарды жинауға И.А.Губачев, А.В.Попов, М.Л.Юдин, И.С.Шукшинцев қатынасқан. Комиссияның ұсынысымен бұрынғы Орынбор, Челябинск діни басқармасының және Введенск шіркеуінің мұрағаттары реттелді. Тізбеленген құжаттарының саны 25000-ға жеткен.

XI археологиялық съезд шешімі бойынша жоюға немесе сақтауға бөлінбей, құжаттардың барлығына бірдей валовой хронологиялық тізімі бойынша жиналатын болған. Енді құжаттар жылы, айы, күні бойынша реттелетін болды. Осы жылы генерал-губернаторлығы мұрағатының азаматтық және құпия бөлімдерін жинауды аяқтаған И.С.Шукшинцев 1779, 1781, 1784, 1786, 1788, 1789, 1790, 1791 азаматтық бөлім іс-құжаттарын реттеген.

1900 жылы комиссияға Уфа қазыналық палатасы Орынбор губернаторлығы Уфа мүліктік мемлекеттік басқармасы, Ташкент қазыналық палатасы, Ырғыз және Торғай уездік полиция басқармаларының құжаттары түскен. 1899 жылы комиссия мұрағаттық қызметінде бірнеше мекемелер мұрағатындағы құжат тізбелерін тексеруге жіберген. Мысалы, Уфа қазыналық палатасы, Уфа губерниялық басқармасы (15 және 16 томдары), Уфа ерлер гимназиясы, И.С.Шукшинцев Уфа губерниялық басқармасы, Уфа ерлер гимназиясы, Дмитриев болыстық басқармасы іс-құжаттарын тексерген.

1900 жылы бұрынғы Орынбор генерал-губернатор басқармасының мұрағат реттеу жұмысы одан әрі жүргізілді. Мол мұрағаттың азаматтық бөлімі мен шекаралық істер бөлімінің бір бөлігі ғана реттелді. Тізбеленген құжаттар саны 25000 тізбені құраған.

1901 жылы азаматтық, шекаралық және казактар бөлімдерінің құжаттарын реттеу аяқтала келді. Башқұрт бөлімі қалған. Орал уездік съезі, Уфа, Түркістан қазыналық палатасының және Түркістан уездік съезінің 355 құжатын Шукшинцев қараған. Түркістан қазыналық палатасын топ мүшесі И.П.Кречетович, Уфа қазыналық палатасы мұрағатын А.И.Гра қараған.

1902 жылғы жылдың есебінде комиссияның мұрағаты жоғарғы қабатта ағаш сөреде жылдарға бөлініп, буылып 100 мыңға жуық іс орналастырылған. Мұрағат құжаттары хронологиялық тізбемен орналастырды және 19 ірі томнан тұрды. Сипаттамасын іс атқарушы И.С.Шукшинцев барлық XVIII ғасырдың, XIX ғасырдың 1805 жылына дейін, түсініктеме беріп жазған.

1903 жылдары бұрынғы Орынбор генерал-губернатор Басқармасының мұрағатын реттеуден гөрі, мұрағат деректерін ғылыми айналымға қосуға үлкен мән берді. Мысалы, 1903 жылы 21 мамырдағы кезекті мәжілісінде Д.Н.Соколовтың «О башкирских тамгах» баяндамасы тыңдалды. Кейін комиссия Еңбектерінің тұтас XIII басылымын арнаған "Башқұрттар таңбалары туралы" атты көлемді еңбек болып жарық көрді.

Бұл еңбегін жазарда автор Орынбор генерал-губернаторлығының мұрағатын, Тимашевтар жеке мұрағатын, өзінің атасы мен әкесінің отбасылық мұрағатын, этнографиялық экспедициялар материалдарын және өзінің байқауларын жинақтап қазіргі башқұрт таңбаларының шығу тарихы және пайдалануын анықтаған. Әрбір рулы елдің, әрбір жанұяның өзіндік белгісі болғандығын айтады. Д.Н.Соколов алдымен башқұрттар таңбаларын талдамастан бұрын, өзінің заманында орыстар атап жүрген мешеряктар, тептярлар, татарлар деп аталған халық башқұрттар екендігін айтады. Башқұрттардың тайпаға, руға бөлінетіндігін, орыс деректерінде туба, яғни, төбеге бөлінетінін келтірген. Автор еңбегінде өзіне дейінгі Д.П. Никольскийдің, Н.А. Аристовтың, П.И. Рычковтың, П.С.Назаровтың, В.В. Вельяминов-Зерновтың, Н.Ф. Катановтың, Г.Н. Потаниннің, М.Н. Харузиннің, т.б. еңбектерін пайдаланған. Еңбек бес бөлімнен тұрады. Қосымша қазақтардың таңбаларын берген және башқұрттардың көне таңбалары орналасқан таблица берілген. Оған қоса үшінші қосымшада Орхон, Енисей белгілерін башқұрт таңбаларымен қатар берген Башқұрт деген атаумен тұтас халық болғандығын, олардың шығу тегін түсіндіргісі келген.

Сонымен, Н.Соколов еңбегінде башқұрт халқының тайпалық, рулық белгілеріне тоқталып, шығу тегіне, тарихына бойлаған. Еңбегінде автор рулардың шығу тегі туралы жаңсақтықтарға жол берсе де, өзіне дейінгі башқұрттар туралы жазған ғалымдар зерттеулерін пайдалана башқұрт халқының қалыптасу тарихын зерттеуге ұмтылыс жасаған еңбек деп айта аламыз. Бұл жерде комиссия мүшелері мұрағат құжаттарын пайдаланғанымен, көп жағдайда сілтеме жасалынбаған. Таңдаған тақырыптарына байланысты мұрағат материалдарын алып тізбелеген.

1905 жылы 7 қазандағы кезекті мәжілісінде: комиссия төрағасы А.В.Попов қатысушы мүшелерін келесі құжаттармен таныстырды:

1.Мұрағаттық комиссия мүшелері құраған құжаттар тізбесімен;

2.Бұрынғы Орынбор генерал-губернатор канцеляриясының мұрағатының мұрағатқа тапсырылған құжаттар тізбесі;

3.Археологиялық институттарда реттеуге жіберілген құжаттардың тізімі;

4.Генерал-губернаторлық және канцеляриясының мұрағатының комиссияға реттеп сақтауға жіберілген құжаттардың каталогтық карточкасымен таныстырды.

Комиссия алдындағы келесі шешуін күтіп тұрған мәселе:

- 1) Тапсырылған мұрағат тізбелерін тәртіптеу және жариялау,
- 2) Археологиялық институтқа жіберілген іс-құжаттар мәселесін анықтау,
- 3) Мұрағаттық комиссия тізімдерін алдыңғы тізімдермен салыстыру, мұрағатты ұстау қаражаты мен құжаттар шығынын есептеу.

Төраға айтуынша, әлі де реттелмеген 50 бума іс-құжат, қағаз, газет пен 200 карта мен жоспарлар бар екендігі белгілі болды.

1909 жылы комиссия мұрағатына сақтауға ешқандай іс түспеген, нақтырақ айтсақ, орын тарлығынан құжаттар қабылдауға жағдайлары көтермеген. Тек ғылыми еңбектеріне Н.Т.Лобов, И.С.Шукшинцев, Н.Т.Петухов, А.П.Гра казак бөлімі іс-құжатының тізімін жазу үшін пайдаланған.

И.С.Шукшинцев 1645 істі Торғай облыстық Басқармасының жоюға жіберілген делоларын қарап, сақтауға 138 іс-құжат шығарған.

1914 жылы да комиссия мұрағаты мен мұражай тар жерде Жайық өзенінің жағасындағы ғимаратта тұрды. Оны кеңейту мәселесін 1913 жылдан қолға алғанда 1914ж. II дүниежүзілік соғыс басталып, кейінге қалған.

1914 жылдың 16 қаңтарындағы комиссия мәжілісінде 29 мәселесі бойынша төраға А.В.Попов ұсынысымен құрметті мүшелікке атақты Орынбор оқу округінің хатшысы Тихомиров пен Ғылым Академиясының хатшысы, шығыстанушы С.Ф.Ольденбургті сайлаған.

1917 жыл Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы 1917 жылы бұрынғы Орынбор өлкесінің атасақ, Торғай, Орал облыстық басқармасының, Түркістан облыстық басқармасының Орынбор губерниялық тағы да өзге патшалы Ресей үкіметінің бірнеше таратылған мекемелерінің жоюға, сақтауға жіберілген 3 000 000-ға жуық құжаттардың жинақтауымен орталық мұрағатты құрады. 1918 жылдың сәуір, мамыр айларында Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының мұрағатында 3 000 000-нан аса іс-құжат жинақталды [10,-19п].

Комиссия мүшелерінің қызметі қоғамдағы жаңа жойқын өзгерулердің бірінен кейін бірі келуіне байланысты тоқтады.

1887 жылдан 1917 жылға дейінгі комиссияның басты қызметі бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығының басқармасы канцеляриясының мұрағатын реттеу толық аяқталды деуге болмады. Алайда, Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы Орынбор қаласында орталық тарихи мұрағаттың негізін қалады. Қазір де бұл мұрағат - Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты деген атаумен белгілі. Мұрағаттық комиссия құраған осы мұрағатта казак тарихына байланысты мол құнды құжаттардың біразы сақтаулы тұр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мұрағат деректері – халық қазынасы. Алматы: Асем-Систем, 2004-274б.
2. Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты. (РФ ОрОММ)-96-қ, 1-т, 1-іс, 1-п.
3. ОрОММ 96-қ, 1-т, 69-іс, 12-12об п.п.
4. ОрОММ 96-қ, 2-т, 47-іс, 6п.
5. ОрОММ 96-қ, 1-т, 6-іс, 14п, 9п.
6. Зобов Ю.С. Истории Южного Урала. Вторая половина XIX- начало XX в // Учебное пособие. – Оренбург, 1991- 128с.
7. ОрОММ 96-қ, 1-т, 5-іс, 23п.
8. ОрОММ 96-қ, 2-т, 17-іс,
9. ОрОММ 96-қ, 1-т, 13-іс, 3п.
10. ОрОММ 96-қ, 1-т, 124-іс, 19п.

В статье исследуется роль Оренбургской ученой архивной комиссии в создании архивов Казахстана, а также о сохранении ценных архивных источников.

In clause is investigated the role of the Orenburg scientific archival commission in creation of archives of Kazakhstan, and also about preservation of valuable archival sources.

УДК 94(574)"19"

Исмағұлов Ұ.Ш.

т.ғ.к.,доцент,

Қ.Жұбанов атындағы АМУ

**КЕҢЕСТІК ҚОНЫСТАНДЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ
ТАРТЫСТАР (XX ғ. 20-30 ЖЫЛДАРЫ)**

Жалпы, Қазақстан мен Орталық арасында республика аумағына сырттан және іштен қоныстандыру мәселесі төңірегінде тартыс

жүреді. Бастапқы кезден-ақ өршіген өз бетімен қоныс аударушылық Орталық тарапынан қолдауға ие болды. Кейін, Кеңес үкіметі қазақ жеріне сырттан қоныстандыруды заңдастырып берді. Сөйтіп, қазақтардың жерге орналасу тілектері тағы да тізгінделді.

Кеңестік тарихнамада осы мәселенің қайшылық жақтары айтылмай, бірыңғай дәріптелгені белгілі. Тәуелсіздік алған кезден кейінгі зерттеулерде мәселеге объективті бағасын беруге қол жетіп отыр. Дегенмен, қоныстандыру саясатына байланысты тартыстар барысы әлі де болса кеңінен қарастырылып жатқан жоқ.

ҚазАКСР өкілдері кеңестік қоныстандыруды да бұрынғы патшалық қоныстандыру саясатының жалғасы ретінде көреді. Өз пікірлерінде оны ашық та айта алды. Сол әрекет барысында жерге орналасуы тиіс келімсектердің қазақ өлкесіне қай кезден бастап келгендеріне жер беру мәселесі үлкен қайшылық туғызады, мерзім жиі-жиі өзгереді. Бұл жөнінде БОАК жанындағы Қазақстан өкілі міндетін атқарушы Көшербаев «орналастыру үшін өз бетімен келушілердің келу мерзімінің шегін жиі-жиі өзгерту өз бетімен қоныстануды заңдастыру, бұрынғы биліктің отаршыл саясатын жалғастыру, келімсектер толқынының одан әрі өршуіне ықпал ету және Автономиялық республикалардың байырғы тұрғындарының бірінші кезекте жерге орналасу құқықтарын жою болып табылады»-дейді [1,10-п.].

БОАК Президиумының 1926 жылы 30 шілдедегі қаулысына байланысты БҚК (Бүкілодақтық Қоныстандыру Басқармасы) Одақтың халқы тығыз орналасқан бөліктерінен тұрғындарды қоныстандыру мақсатында ҚазАКСР бос жер қорын анықтау жұмысы тапсырылады. Міне, осы шараны жүзеге асыру үшін одақтас және Автономиялық республикаларға өз жер қорларын анықтау арқылы қоныстандыру жоспарларын жасақтауға нұсқау беріледі. Бірақ ҚазАКСР бұл іспен айналысудан бас тартады. Сол себепті де БҚК бүкілодақтық қоныстандыру жоспарын құруды кешіктірмеуді желеу етіп, Қазақстандағы жер қорын анықтау әрекетіне өз бетімен кірісіп кетеді [2,55-56-пп.].

1927 жылдың 5-6 шілдесінде өткен БҚК 3-пленумы ҚазАКСР 1928 жылдан бастап, бүкілодақтық дәрежедегі маңызы бар қоныстандыру ісіне қор дайындау жөнінде шешім шығарады.

КСРО ХКК 1928 жылдың 3 сәуіріндегі қаулысы РКФСР үкіметі мен БҚК ағымдағы жылдың 6 айы ішінде қоныстандыруға мүмкіндік бар-жоғын анықтау үшін ҚазАКСР территориясында зерттеу жүргізуді міндеттейді [3,34-п.].

РКФСР ХКК өзінің 1928 жыл 27 сәуірдегі мәжілісінде (№25 хаттама) «БҚК баяндамасы бойынша қабылданған КСРО ХКК қаулысынан туындаған директиваларды орындау шаралары» жайындағы мәселені тыңдап, РКФСР Мемлекеттік жоспарлау мекемесіне 3 күн ішінде қоныстандыруға жер бөлуге мүмкіндігі бар және тез арада астық-бидай шаруашылығын құруға жарамды аудандарды анықтау мақсатында ҚазАКСР жер қорларын зерттеуді ұйымдастыру мәселесін жасақтауды тапсыру жөніндегі мазмұнда қаулы қабылдайды.

РКФСР ХКК осы және КСРО ХКК 1928 жыл 3 сәуірдегі қаулыларын Қазақстанды егін шарушылығы арқылы жайланудың алғашқы баспалдағы ретінде қарастыра отырып, ҚазАКСР Орталықтағы өкілі атынан орынбасары Ромин және хатшы Жантеміровтің қол қоюымен 1928 жыл 8 мамырда (№2317) БОАК Президиумына мәлімдеме жіберіліп, сол қаулылардың Қазақстан мүддесін бұзып отырғандығы және БОАК мен РКФСР ХКК күні бүгінге шейін келе жатқан заңдарына, заңдық актілеріне қайшы екендігі, сол себепті төмендегі негіздемелер аясында қайта қарауға жататындығы келтіріледі:

1. 1924 жылы 17 сәуірде ҚазАКСР Жер Кодексінің 142, 168 баптарында және 141, 168, 170, 194- баптарының қосымшаларында белгіленген талаптарды орындау, сондай-ақ жерді жергілікті жағдайға бейімдеп дұрыс және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында БОАК мен РКФСР ХКК «Көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшылыққа өтіп жатқан тұрғындарды жерге орналастыру» Ережесін бекітеді.

Осы Ереженің I бабына сәйкес «жерге орналастыру мекемелерінің бастамасымен жүргізілетін жерге орналастыру жаппай және міндетті сипатта болады және ол қазіргі таңда көшпелілерге, жартылай көшпелілерге арналған жазғы, басқа да маусымдық жайылымдары, оларға тиісілі көш жолдары жоқ отырықшы-егіншілік аудандардан басқа ҚазАКСР барлық аудандарын қамтиды».

Ереженің 3-бабы бойынша «Жер Кодексінің 155-бабына сәйкес, арнайы қажеттіліктерге бөлінгеннен қалған жерлер 3-бап негізінде жерге орналастыру қоры»- деп белгіленеді.

Ереженің 6-бабында «Ережеге сәйкес жерге орналастыру жұмысы барысында барлық жерге орналасушыларға қажетті жер мөлшерін ақырына шейін анықтап болмайынша, ҚазАКСР

территориясындағы бос жерлерді пайдалануға жол берілмейді»-деп көрсетіледі.

Кейінгі кездері Қазақстанға КСРО басқа аудандарынан өз бетімен қоныс аударушылық байқалуына байланысты БОАК Президиумы 1925 жылы 14 қыркүйекте (№20 хаттама) басқа республикалар, губерниялар және облыстардан Қазақстанға және Қырғыз автономиялық облысына қоныс аударуға тыйым салынуы жөнінде қаулы қабылдайды.

1927 жылдың 28 ақпанында БОАК Президиумы төмендегі мазмұнда қаулы шығарады: «ҚазАКСР көшпелі және жартылай көшпелі аудандарындағы мемлекеттік жаппай жерге орналастыру жыл сайын мемлекеттік бюджеттен сол жоспарды жүзеге асыруға қаржы бөліп отыруды көрсететін Мемлекеттік Жоспарлау мекемесінің 1925 жыл 4 шілдедегі жоспарына ыңғайластырылып жүргізілуі керек».

Жоғарыда келтірілген РКФСР ХКК мен БОАК қаулыларының үзінділерінен байқағанымыздай, Қазақстанның бұратана тұрғындарын жерге орналастыру ісіне шындығында үлкен мән берілген және осындай көзқарас аясында Қазақстанда 1924/25 жылдан бастап жаппай міндетті жерге орналастыру жүргізіліп келеді. Бұл жұмыс БОАК Президиумының 1926 жыл 30 тамыздағы (№69 хаттама) қаулысы бойынша 1936 жылы аяқталуы керек болады.

РКФСР ХКК 1928 жыл 27 сәуірдегі қаулысына сәйкес сырттан қоныстандыруға артық жер анықтау бағытында ҚазАКСР жер қорларын зерттеу жұмысын ұйымдастыру жоғарыда атап көрсетілген БОАК мен РКФСР ХКК қаулыларына қайшы келеді және БОАК 1924 жыл 17 сәуірдегі Ережесі бойынша жүргізіліп жатқан жерге орналастыру жұмыстарының қалыпты жүрісі мен қарқынын тежейді.

II. Қазақстан территориясы өзінің табиғи-тарихи жаратылысы, климаттық, топырақтық-ботаникалық және гидрологиялық жағдайы жағынан жер шаруашылығына келмейді, олай болса егіншілік қоныстануға жарамсыз болып табылады. Сондықтан, ол жерлерді экстенсивті жайылымдық мал шаруашылығына пайдалану тиімді болар еді. Қазақстанның солтүстік жағындағы қара топырақты, қоңырқай қызғылт топырақты, жылдық жауын-шашын түсімі 250-300 мм. болатын кішігірім бөлігі егіншілікке келуі мүмкін. Бірақ, бұл бөлікте де жылдың бір мезгілдерінде жауын-шашын түсімі аз, орташа жылдық температурасының жоғары

болатыны жиі кездеседі. Сондықтан, мұнда астық-бидай шаруашылығы тұрақты, берік дамыды деп айтуға болмайды. Бұған бұл аудандардың кей жылдардағы бидай өнімінің орташа көрсеткіші жөніндегі статистикалық мәліметтері дәлел бола алады.

Айтылған пікірге тағы бір дәлелдеме ретінде мынадай жағдайды айтып өткен жөн: революцияға дейін пайда болған бірқатар қоныстанушылар өнімділіктің төмендігіне, жер қабаттарының тез тозатындығына байланысты өз учаскелерін мүлдем тастап кетуге немесе егіншіліктен мал шаруашылығына көшуге мәжбүр болды.

Осы көрсетілген жағдайлар әлі күнге шейін Мемлекеттік Жоспарлау мекемесі тарапынан да, басқа да билік орындары тарапынан да (БҚК басқа) келіспейтіндігін білдірген дау-дамай туған жоқ, қайта РКФСР ХКК 1927 жыл 2 наурыздағы арнайы қаулысымен расталды. Қаулыда былай деп көрсетілді: «Қазақстанның табиғи-тарихи жаратылысы халық шаруашылығының негізгі саласы болып табылатын мал шаруашылығын дамытуға ыңғайлы екендігі ескеріле отырып, Қазақстан Одақтың халық шаруашылығы жүйесінде мал шаруашылығы ауданы болып танылсын».

Міне, осылар тез арада астық-бидай шаруашылығын құру мақсатында артық бос жер табуға бағытталған РКФСР ХКК 1928 жыл 27 сәуірдегі қаулысының дұрыс еместігін және оны қайта қарауды қажет ететіндігін көрсетеді.

Жоғарыдағы айтылғандар негізінде БОАК жанындағы ҚазАКСР өкілдігі БОАК Президиумынан РКФСР ХКК 1928 жыл 27 сәуірдегі қаулысын бұзуды және КСРО БОАК Президиумынан КСРО ХКК Қазақстанда егіншілік қоныстандыру үшін артық жер анықтау жөніндегі мәселеге қатысты 3 сәуірдегі қаулысының жойылуына ықпал етуін сұрайды.

Ескерте кетер жай, БОАК жанындағы ҚазАКСР өкілдігі жоғарыда аталып өткен қаулыларды қабылдаған РКФСР ХКК және КСРО ХКК бірде бір отырысына шақырылған жоқ» [4,43-45-пп.].

Алайда БОАК 1928 жыл 14 мамырдағы отырысында ҚазАКСР өкілдігінің КСРО ХКК 3 сәуірдегі қоныстандыру үшін Қазақстанда артық жер анықтау жөніндегі қаулысын жою керектігіне байланысты ұсынысы қабылданбайды, керісінше, сол артық бос жерлерді анықтауға экспедиция жіберу мәселесі мақұлданады [5,9-п.].

Ал РКФСР ХКК 1928 жылы 22 мамырда ҚазАКСР жер қорларын зерттеуді ұйымдастыру мәселесіне байланысты КСРО ХКК 1928

жыл 3 сәуірдегі қаулысының 5-тармағын жүзеге асыру бағытында шешім қабылдайды. Онда: «ҚазАКСР жер қорларын зерттеу жұмысы ерекше экспедицияға жүктелсін. Бірінші кезекте Орал губерниясының және Түркіб темір жолы бойына тартылатын аудандар зерттелсін»-деп көрсетіледі [6,12-п.].

Зерттеуге жоғарыда аталған аймақтармен қатар, Елек, Ақтөбе, Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Павлодар, Семей, Өскемен, Лепсі, Талдықорған, Алматы уездері және Қостанай округі тартылады [7,34-35-пп.].

Орталықтың қоныстандыру шарасында ұлттық республика мүддесімен санаспай, мәселені кез келген уақытта өз дегеніне бұра салатын әрекеті жөнінде тағы бір мысалды Орал губерниясындағы жағдайдан көруге болады.

БОАК Президиумы өзінің 1928 жыл 2 қаңтарындағы отырысында жері аз губерниялардан қоныс аударған 48 отбасына ҚазАКСР Орал губерниясы Орал уезіне қарасты Рубежинск болысындағы Победимов, Чайниковский елді-мекендерінен жер бөлу жөніндегі жекелей мәселені қарастыру барысында қаулы қабылдайды. Ол қаулы мазмұны мынадай: «Орал губерниясында тұрғындарының саны аздығы және сол губерния шаруашылығын тез арада қалпына келтіріп, өнімділігін арттыру қажеттілігі ескеріліп, БОАК Президиумының 1925 жыл 14 қыркүйектегі (№20 хаттаманың 9а пункті) «осы күннен бастап (14 қыркүйек, 1925 ж.) Қазақстанға сырттан қоныс аударудың барлық түріне тыйым салынады»-деген жолдағы мерзім 1927 жылдың 14 қыркүйегіне ауыстырылсын»[8,3-п.]. Ал, БОАК Президиумының 1927 жылдың 14 қыркүйегіндегі қаулысында «Қазақстан мен Қырғыз автономиялық облысына басқа республикалар, облыстар және губерниялардан БОАК Президиумының жаңа нұсқауына дейін қоныс аударуға тыйым салынсын»-деп көрсетілген еді. Олай болса, БОАК Президиумы сол 2 қаңтардағы қаулысымен кезінде өзі қабылдаған қаулыларын елемей, 14.IX.25-14.IX.27жж. аралығында қоныс аударған келімсектер әрекетін заңдастырған болып шығады және Қазақстан үкіметінің оны заңсыз, ал қоныстанушыларды өз бетімен келгендер деп санауы дұрыс болып табылар еді.

Осы жағдайдағы негізгі мәселе - Қазақстанға сырттан қоныс аудару мәселесінің нақты да анық болуына күмән туғызуы ешкімді шошытпасы айқын. Шынымен де, БОАК Президиумының жыл өткен сайын қоныс аударушылардың Қазақстанға келуі мерзімін өзгертіп отырмайтынына ешкім кепілдік бере алмайтын жағдай

қалыптасқан еді. Ал БОАК заңдық актілерінде сол нақтылықтың, анықтылықтың болуы Қазақстандағы жаппай мемлекеттік жерге орналастыру жұмысында әбден керек екені айтпаса да түсінікті

Осы жағдайларға байланысты БОАК жанындағы ҚазАКСР өкілдігі БОАК Президиумына және Ұлттар ісі жөніндегі бөлімге арнайы наразылық хатын түсіреді. Онда жоғарыда аталған мәселелерді келтіре отырып, наразылықтарының мазмұнын былай береді: «Біздің БОАК Президиумының 2 қаңтардағы қаулысына қарсы болуымызға түрткі болған тағы бір жағдай, ол 1927 жылдың 29 тамызында жергілікті орындардағы жерге орналастыру, жерді пайдалану мәселелерін зерттеу және ұлттық топтар арасындағы қарым-қатынасты реттеу мақсатында құрылған арнайы комиссияның баяндамасы мен ұсыныстарын талқылауға жиналған (12 желтоқсан, 1927 жыл) БОАК Президиумы өзінің 1925 жылдың 14 қыркүйектегі қаулысын жоймай, ҚазАКСР ОАК 1928 жылдың 1 сәуіріне дейін 1925 жылдың 1 қыркүйегінен кейін Қазақстанға қанша шаруашылық өз бетімен қоныстанғанын анықтауды ұсынумен шектеледі. БОАК Президиумы мынадай мәселелерді, яғни 1) өз бетімен қоныс аударушылар санын; 2) олардың орналасқан аудандарын; 3) сол аудандарда бұрыннан тұрып жатқандардың жер пайдалануы сипаты мен ауқымын анықтап, қандай шара қолданатынын ойластыруы мүмкін.

Ақырында, 2 қаңтардағы қаулыға қарсылығымыздың үшінші себебі және де басты себебі жанама түрде болса да қоныс аудару әрекетіне қолдау көрсетілуінде жатыр. Қаулының 3-бабында өз бетімен қоныс аударушылардың жерді жалдық шартпен алуға құқықтары бар екендігі айтылады. Бұл жағдай өз бетімен қоныс аударушылардың санының жылма-жыл өсіп отыруына әкеп соқтырады және нәтижесінде, БОАК бекіткен 1924 жыл 17 сәуірдегі «Ережені» жүзеге асыру мүмкін болмай қалады.

Міне, осындай жағдайларды ескере келіп, БОАК жанындағы ҚазАКСР өкілдігі БОАК Президиумының 1928 жыл 2 қаңтардағы Қазақстанға келімсектердің келуіне тыйым салатын мерзімді 1927 жылдың 14 қыркүйегіне өзгерту жөніндегі қаулысын бұзуды сұрайды»[9,4-п.]. Алайда, өтініш қабылданбай қалады.

Қоныстандыру ісі жөніндегі қабылданған БОАК мен ХКК 1929 жылғы наурыз айындағы қаулысына байланысты және КСРО ОАК мен ХКК осы іс жайындағы 1929 жыл 18 қаңтардағы қаулысына сәйкес БОАК мен РКФСР ХКК ҚазАКСР анықталған қорларға қоныстанушылар орналастыру шарасын жүргізу үшін ҚазАКСР

ЕХК жанынан ҚБ (Қоныстандыру Басқармасын) құру жөнінде қаулы қабылдайды [10,8-п.].

Қазақ өлкелік партия комитеті бюросының 1929 жыл 13 ақпандағы отырысында осы қоныстандыру және ҚазАКСР ҚБ құру мәселелері қаралады. Отырыста ЕҚК (СТО) 1929 жыл 18 қаңтардағы ҚазАКСР қоныстандыруға ашу жөніндегі қаулысы негізінде және астықты совхоздар мен қоныстандыру ісін ұйымдастыруға бос жер қорларын анықтау үшін байырғы және жергілікті тұрғындарды жерге орналастыруды жеделдету мақсатында республикада аудандық ҚБ құрылуына қарсылық білдірілмейді және олар ағымдағы жылы 10 мың келімсек орналастыруға бос жер анықтау жұмысын жүргізуі тиіс болады.

Республика басшылығы Орталықтың сол қоныстандыру шарасын көтеруіне, аймақтарда Қоныстандыру Басқармаларын құру нұсқауларына қарсылық көрсете алмағанмен, осы істе өздерінің талаптарын қоя алды. Оны жоғарыда аталған отырыс қаулыларынан көруге болады. Онда жоспарсыз өз бетімен қоныстануға жол беруге болмайтындығы, сондықтан осы әрекетті қуаттайтын ЕҚК (СТО) қаулысының жедел жойылуы керектігі, қоныстандыру бірыңғай жоспарлы түрде және жергілікті тұрғындарды жерге орналастыру жұмысымен байланыста жүргізілуі тиістігі, Қоныстандыру Басқармасы БҚК құзырында болғанымен, оның жұмысы ҚазАКСР ЕХК келісіліп жүргізілуі және қоныстандыру қоры байырғы және жергілікті тұрғындар жерге орналасып болғаннан кейін қалған бос жерлерден жасақталуы қажеттігі келтіріледі. Отырыста ҚазАКСР қоныстандыру мәселесін ЕҚК (СТО) республика басшылығының қатысуынсыз БҚК баяндамасы негізінде шешкеніне наразылық білдіріледі [11,1-3-пп.]. Шындығына келгенде, осы басқосу Орталықтың өктем іс-әрекетіне кішкене де болса қарсылық білдіре алған соңғы талпыныстардың бірі еді деп айтуға болады. Аталмыш мәселе төңірегінде қызу талқылау болып, жиналған жолдастар пікірлерін білдіреді.

ЕХК басшысы Тоқтабаев жалпы, қоныстандыру жұмыстарынан бас тартпау керектігін айта отырып, Еңбек және Қорғаныс Кеңесі қаулысындағы өз бетінше рұқсатсыз келген келімсектерді орналастыру шарасы келтірілген екінші бөліміне үзілді-кесілді қарсылық білдіру керектігін, бұл әрекеттің қоныстануды ретсіз рәсімдеу болып шығатынын, оның жоспарлы түрде жүзеге асырылуы қажеттігін ескертеді.

Сөз алған А.Асылбеков жалпы, Орталықтың осы мәселедегі ұстанымына наразылық көңілін білдіреді. Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің шешімі дұрыс еместігін, қоныс аудару ісінің қолға алынғаны Қазақстанға хабарланбағанын, оны Қазақстан үкімет орындары газеттен білгенін, бұған жайбарақат қарауға болмайтындығын, өйткені бұл жер мемлекеттік болғанымен, онда әзірше өздерінің тұрып жатқандығын ескертеді.

Қоныстандыру мәселесінде ол оны жергілікті тұрғындарды жерге орналастырумен бір мезгілде жүргізу керектігін, қазақтарды орналастырып алмайынша қоныстандыруға жол беруге болмайтындығын, әйтпесе түрлі шырғалаң туғызатынын, сондықтан, ЕХК алдына артық жер анықтау және жерге орналастыру жұмыстарының қарқынын күшейту мәселесін қою қажеттігін айтады.

А.Асылбеков Түрксіб ауданына келімсек орналастыруға қарсылық білдірмейді, бірақ мәселе оның қай бөлігінде жүзеге асырылатындығында екендігін, әйтпесе Павлодар округіндегі тұрғындар үшін Луговая бекетінен бастап, Түрксіб ауданында жерге орналастыру жұмыстары келімсек ендіруге жүргізіліп жатқандай көрінетіндігін келтіреді.

Келімсектер орналастырудың пайдалылығы не пайдасыздығы төңірегінде пікірін былай жеткізеді: «Кей жолдастар айтып өткендей, тек келімсектер орналастыру ғана астық проблемасын шешер ме еді? Бізде егіншіліктің қыр-сырын білетін қазақтар да жеткілікті, бірақ бұл арада совхоздар ұйымдастыру жөнінде айту керек. Қайталаймын, қоныстандыруға жол беруге болады, бірақ тек қана бір басшылық - қазақстандық партия және кеңестік органдар басшылығы болуы тиіс. Айту керек, Қоныстандыру Басқармасы мәселелерді шешуде Қазақстан өкілдерін шақырмайды және өз жұмыстарын қазақстандық органдармен келіспей жүргізеді» [12,128-129 pp].

Сафарбеков басқа да жолдастардың артық жер анықтау жерге орналастыру жұмысының қарқынына байланысты екендігі жөніндегі пікірлерін қуаттай отырып, 4 жыл ішінде қолға алынған орналастыру жұмыстарының ешқайсысы аяқталмағанын білдіреді. Ол сондай-ақ, Қоныстандыру Басқармасының тапсырмасымен округтерде зерттеу жұмыстарын жүргізген экспедиция мүшелерінің көңілінде Қазақстанда бос жерлер көп, аздап суландыру шарасын жүргізсе жұмақ болады деген жалған ұғым туындағанын, оны Қоныстандыру Басқармасы қызметкерлеріне «жұқтырғанын», ал

олар өз кезегінде Белоруссия және Украинадағы жер тапшылығын шешу мақсатында ешкіммен кеңеспей, санаспай, келіспей осы жылдың өзінде-ақ Қазақстанға келімсек жіберу керек деп шешкенін айтады.

Сафарбеков те Қоныстандыру Басқармасының құрылуына қарсылық білдірмейді, бірақ оның жұмысы ЕХК жұмысымен байланыста болуы, бақылау құқығы Қазақстандағы барлық шаруашылық мәселелерге жауапты болғандықтан, ЕХК қалдырылуы керектігін ескертеді. Ал, Түрксіб ауданындағы жұмыс бағыты жөнінде өз пікірін былай жеткізеді: «Түрксіб бойындағы... артық жер анықтаудың үлкен перспективалары жоқтың қасы. Бұл аудандарға келімсек отырғызып, одан белгілі бір дәрежеде қарымдылық күту, суландыру, мелиорация, т.б қосымша жұмыстар жүргізуге байланысты. Қаржы бөлмей, дайындық жұмыстарын жүргізбей бұл учаскелер тек жартылай көшпелі және көшпелі шарушылыққа ғана жарамды болады» [13,130-п].

М.Тәтімов қазіргі таңда жерге орналастыру жұмысын жүргізу керектігін, егер артық жер шықса оған ең алдымен қазақтарды немесе жергілікті орыс тұрғындарын орналастыруды, қалған жерге ғана келімсектерді жайғастыруды айтады.

Богданов Қоныстандыру Басқармасының негізгі қателігі оның ЕХК байланысы болмағандығында екендігін, бұл мәселедегі басты міндет жер учаскелерін жергілікті қазақ тұрғындары мен Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерін орналастыру үшін сақтау керектігін, ЕХК жер кесудегі құқығының міндетті түрде сақталуын, учаске бөлуде ЕХК келісіліп, содан кейін ғана жердің келімсектерге ұсынылуы тиістігін айтып өтеді [14,131-п].

Сонымен, республика мен Орталық арасында қоныстандыру мәселесіне байланысты тартыс жүреді. Республика өкілдерінің наразылық бағыттағы мәлімдемелері жоғарғы жақтан қабылданбайды. Қазақстан жері қоныстандыру шарасына заңды түрде ашылып, «қызылдар отарлауына» тартылып кете барды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ресей Федерациясының Мемлекеттік Мұрағаты (РФММ), 3260-қ., 5-т., 52-іс.
2. РФММ., 3260-қ., 7-т., 29-іс.
3. РФ ММ., 262-қ., 1-т., 2536-іс.
4. РФ ММ., 1235-қ., 120-т., 170-іс.
5. РФ ММ., 1235-қ., 120-т., 170-іс.
6. РФ ММ., 1235-қ., 120-т., 170-іс.
7. РФ ММ., 1235-қ., 120-т., 170-іс.
8. РФММ., 1235-қ., 122-т., 319-іс.
9. РФММ., 1235-қ., 122-т., 319-іс.

10. РФММ.,3260-қ.,9-т.,28-іс
11. РФММ.,1235-қ.,141-т.,245-іс.
12. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты (ҚРПМ), 141-қор, 1-тізбе, 2306- іс.
13. ҚРПМ., 141-қор, 1- тізбе, 2306- іс.
14. ҚРПМ., 141-қор, 1- тізбе, 2306- іс.

В статье на основе новых архивных материалов рассматривается ход разногласия между республикой и Центром по вопросу переселения в Казахстан извне.

In the article on the basis of new archival material the disagreement course between republic and the Centre concerning migration in Kazakhstan from outside is considered.

ӘОЖ 929:070.4

Сүндетұлы Қ.

т.ғ.к.,

Х.Досмұхамедов атындағы АМУ

РЕДАКТОР Т.Б.ӨТЕУЛИЕВТІҢ ТАҒДЫРЫ

Республика баспасөзінің дамуында қолтаңбасы қалған, кейін сталиндік қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбаны болған Төлепкерей Бисұлтанұлы Өтеулиевтің есімі құрметпен аталады. Ол 1889 жылы Орал губерниесі Жымпиты уезіндегі (қазіргі Сырым Датұлы) ауданындағы Тұздыкөл болысы, № 4 ауылда кедей отбасында дүниеге келеді, алайда ата-анасынан ерте айырылып жетімдіктің ащы дәмін татуға мәжбүр болады. Қайырымды жандар 12 жастағы Төлепкерейді Матшенскі біржылдық училищесіне оқуға береді. Оқуды бітірген жас алдымен 2 жылдық Илецкі училищесіне түседі, бірақ сондағы 2 жылдық педагогикалық училищеге ауысып 1910 жылы аяқтайды. Ағайындарынан қамқорсыз қалған Төлепкерей оқудан қол үзбей бір үзім нан табу үшін еңбекке араласады, Фокин атты байдың ұн тартатын диірменінде жұмыс істейді. Училищені бітіргеннен кейін Торғай облысында 1910-1914 жылдары ауыл мектебінде мұғалім болып еңбек етеді. Туған жерге деген ыстық ықыласы оны 1914 жылдың күзінде Жымпиты 2 жылдық училищесіне оқытушылыққа алып келеді. «Жымпитыда Алашорда үкіметі орнағаннан кейін қаржы болмағандықтан біздің мектеп жабылды. Көп ұзамай мен жергілікті еріктілер отрядына

қабылдандым, бірақ солшыл саяси көзқарасыма сенімсіздік білдірген Досмұхамедов одан босатты. Сөйтіп, күнкөрістің жолын іздеп мектепте бірге оқыған Асанов деген досымның шақыруымен Алаш Орда армиясы қатарына жұмысқа тұрып, әу баста регистратор, кейін есепші қызметін атқарды», - деп жазады Т.Б. Өтеулиев өзінің өмірбаянында [1].

Алашордашылардан Жымпитыны Қызыл Армия тазартқаннан кейін 1919 жылы 18 қаңтарда Төлепкерей Революциялық комитетке жұмысқа тұрып, алғашқыда есепші, көп ұзамай уездік қаржы бөлімінің бастығы болады. Т.Б.Өтеулиевтің ендігі өмірі мен қызметі қазақ халқының болашағы үшін коммунистік партиямен және кеңес үкіметінің жаңа қоғам орнату жолындағы күресімен ұштасады.

1919 жылдың күзінде уезкомның шешімімен акказактарға қарсы отряд командирлігіне тағайындалып, Ащысай аймағындағы майданға шайқаста жауынгерлерін жеңіске бастайды. Партияның тапсырмасын орындаудағы еңбегі жоғары бағаланып 6 айлық Мәскеу қаласындағы Свердлов атындағы университетте маркстік білімін жетілдіруге мүмкіндік алады. Курсты үздік бітірген жасқа зор сенім көрсетіліп, Шығыс Еңбекшілері университетінің үгітшілер бөліміне ауыстырылады. Саяси білімі жоғары, әрі Қызыл Армияның сапында ұрыс даласынан тәжірибесі бар Т.Б.Өтеулиевті жоғары басшылар Мәскеудегі ерекше отряд құрамына тартады, сөйтіп ол ел тыныштығын сақтауға кіріседі, солардың сапында Кронштад оқиғасына қатысады.

1921 жылы 1 мамырда Жымпитыға еңбек демалысына келген Төлепкерей уездегі бандыларға қарсы шайқасқа кіріседі, сөйтіп Мәскеуге оралу арманы жүзеге аспай қалады. Уездік комитетте алдымен насихат бөлімінің меңгерушісі, кейін 15 қыркүйектен бастап хатшылыққа сайланады. Бұл қызметті 1923 жылдың наурызының басына дейін атқарады.

РКП(б) Орал губерниелік комитетінің хатшысы ж.Никитиннің Т.Б.Өтеулиевтің партиялық қызметіне берген мінездемесінде мынадай жолдар бар: «Уездік комитет хатшысы ретінде партия жұмысында практикалық іс-тәжірибесі мол. Барлық жұмысты ерекше ынтамен атқарады. Өзі таңдаған партия қызметкерлеріне шебер жетекші. Маркстік біліммен жеткілікті қаруланған, Свердлов атындағы университетті аяқтаған. Әр істің теориялық және практикалық ұйытқысы. Уездік деңгейден төмен жұмысқа пайдалануға болмайды. Газеттерге қазақ тілінде тұрақты мақала

жазып отырады. Саяси ұстамды, өзге топтарға қосылу ниеті болған емес. Жігерлі. Қабылдаған шешімдерге ұстамды. Айтылған сын-ескертпелерді мойындайды, әрі оны жоюдың жолдарын табады. Ұйымдастырушылық және әкімшілік басқару қабілеттілігі жоғары» [1, 1-п.].

1923 жылы наурыз айының басында РКП(б) Гурьев уездік хатшылығына тағайындалып, бұл жұмысты 1924 жылдың қыркүйегіне дейін атқарады. Азамат соғысында қираған кәсіпшіліктерді қалпына келтіріп, халық шаруашылығын өркендету ісін тездетуге бел шеше кіріседі. Гурьевте мұнай, балық кәсіпшілігін дамытуға қоғамдық ұйымдардың күшін жұмылдырады. Ауылдардағы Қосшы одағының жұмысын жандандырып, еңбекшілердің сауатын ашу, денсаулығын жақсарту, оқу үйлерінің жұмысын күшейтуге басшылық жасайды. Сол жылдардағы Уездік комитеттің бюро мәжілістері хаттамаларында Гурьевтің саяси және шаруашылық өмірінің ең маңызды мәселелері талқыланғанын мұрағат құжаттарынан анық көресің. Халықты отырықшылыққа үйретуде, жаңа экономикалық саясаттың уезде толық жүзеге асуына шешімді шаралар қабылдайды.

Іскер басшы Т.Б.Өтеулиевтің уездегі еңбекшілердің саяси белсенділігін көтеріп, оларды жаңа қоғамды орнату жолында мерзімді баспасөздің ерекше рөліне арқа сүйеді. Сөйтіп, кезінде Жымпитыда жарық көрген «Ерік» газетінің баспаханасындағы араб әріптерін өзімен бірге ала келеді. 1923 жылы 3 наурыз күні болған РКП(б) Гурьев уездік комитетінің №11 бюросы мәжілісі төмендегідей қаулы қабылдайды (түпнұсқа):

Тыңдалды: 3. «Трудовая Правда» газетіне редактор тағайындау және қазақ тілінде газет шығару.

Қаулы етеді: Екі газетке редакторлық ету С.Мәмбетовке жүктелсін, қазақ тіліндегі газетке «Ерік» атауы берілсін және техникалық редактор табу міндеттелсін. Уездік партия комитетінің хатшысы Т.Өтеулиев» деп қол қояды [2].

Газеттің қазақ тіліндегі алғашқы санын шығару үлкен қиыншылықтармен жүріп жатты. Қазақша әріптер әзірлеу және оны теретін мамандарды табу, газетке мазмұнды материалдар іздеп табудың барлығы С.Мәмбетовке жүктелді. Алайда 1923 жылы 1 сәуір күні жарық көрген тұңғыш ана тіліндегі «Ерік» газетіне редактор ретінде қол қою оның маңдайына жазылмады. Күндіз-түні тыным таппай еңбек еткендіктен, денсаулығы сыр береді. Көктем айында білінетін созылмалы өкпе дерті онан сайын қатты асқынып

кетіп, кейін оның төсекте жатып емделуіне тура келеді. Сөйтіп, 1923 жылы 29 наурыз күні өткен Гурьев уездік партия ұйымы бюросының №13 мәжілісі төмендегідей мазмұнда қаулы қабылдайды:

«1. С.Мәмбетовтың денсаулығына байланысты берген арызы қанағаттандырылып, ол кез келген жұмыстан босатылсын.

а) Үгіт-насихат бөлімінің меңгерушілігіне уақытша ж.Сахаров, ал оның орнына ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы ж.Григорьев тағайындалсын.

б) «Трудовая Правда» мен «Ерік» газеттеріне жауапты редакторлық ету Т.Өтеулиевке міндеттелсін» [3].

Т.Б.Өтеулиевтің редакторлығымен өлкемізде тұңғыш ана тіліндегі «Ерік» (қазіргі «Атырау» - Қ.С.) газеті 1923 жылдың 1 сәуірінде 500 данамен жарық көріп, оқырмандарға тегін таратылады. Газеттің алғашқы санындағы «Тірлік осымен табылады» деген бас мақаланы уезком хатшысы Т.Б.Өтеулиев жазып, басылымның ұстанымын былайша баяндайды: «Әркімге мағлұм, қазақ халқы - өнер-білімнен құр қалған надан. Патша заманындағы оған өнер-білім үйретіп, қатарға кіргізейін деген хұқметтің де, басқалардың да ниеті болған жоқ. Неғұрлым надан қалдырып, Россиядағы жалмауыздарға жем қылып қоюға қарай саясат тұтынды. Патша хұқметінің өзге саясатын былай қойып, школ жайын алайық. Патша хұқметі қазақ ортасына школдар салып, бала оқытты. Қазақтар балаларымыз оқып жүр деп мәз болып жүрді. Патша хұқметі қазақтың баласы надан қалар, ағартайын деп оқытқан жоқ. Қазақтың жастарын орысша оқытып, уақ шенеуніктер шығарып, жалбина беріп еліктіріп, өздерінің кім екендіктерін ұмыттырып, есінен шығарып, қазақты жүндеуге қол қабыс қылып алуға оқытты. Ал, школдарда болса қазақша оқыттырмады, бірен-саран шығарса, оны бақташыларына бақтырып қойды.

Кеңестер хұқметі өз тілінде школ аш, газет-журнал шығар, кітап-құрал шығар, мәкәма түзе деп бұйрық шығарып шашты. Ол әлі орнына келтірілген жоқ. ...Тірлік осымен табылады. Әйтпесе жер үстінде саған орын жоқ. Т.Өтеулиев» [4, 8-9 б.].

Уездік партия ұйымының жетекшілігінде жүрген Төлепкерей Бисұлтанұлы қазақ тіліндегі «Ерік» газетінің қалыптасуына да уақыт таба білді. Газеттің босатылған қызметкері болмауы себепті, басылымды уақытылы шығару, таралымын төмендетпеу, мақала ұйымдастыру ісіне басшылық жасап отырды. Уездік партия және

атқару комитеттерінің жауапты қызметкерлері Сейдмұхамед Мәмбетов, Шамсон Типеев, Ажырғали Сұлтанғалиев, Ғатау Махамбетовтерді газет жұмысына тартты. 1924 жыл 27 сәуірде өткен РКП (б) Гурьев уездік комитетінің бюро мәжілісіне төрағалық жасаған Т.Өтеулиев мәжілісте «Ерік» газетінің 1.03-26.04 аралығындағы сандарында жарық көрген материалдарды талқылай келе, газет жұмысының сапасын жақсарту үшін Орал губерниелік партия комитетінен 1 редактор және 1 әдеби қызметкер сұрауға шешім қабылдаған [5].

1924-1925 жылдары аралығында жоғары партия басшылары Т.Б.Өтеулиевті Орал қалалық партия ұйымында ұйымдастыру бөліміне нұсқаушы, есеп-қаржы бөлімінің меңгерушісі, 1926 жылы Семейдегі губерниелік партия ұйымының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1926 жылдың желтоқсанынан 1927 жылдың 23 наурызына дейін Семейдегі «Қазақ тілі» газетінің редакторы, 1927 жылдың 20 сәуірінде Қызылордаға Қазақ Өлкелік партия комитетіне нұсқаушылыққа, 1928 жыл 7 мамыры мен 1929 жылдың 26 қаңтары аралығында Ойыл аудандық партия комитетінің жауапты хатшылығына тағайындайды.

Міне, осы тұста Төлепкерейдің «Кіші октябрьдің» көсемі Ф.И.Голощекиннің саясатына қарсы көзқарасы қалыптасады. Ел арасында жүргізген әкімшілік теріс саясаттың, қазақ зиялыларының көшбасшыларын қудалаудың нәтижесінде жазықсыз жандар түрмеге қамалды, НКВД құрсауында отырды. Т.Б.Өтеулиевтің Адай округтік партия комитетінің жауапты хатшысы болып жүрген кезінде 1929 жыл 26 қаңтарында Ф.И.Голощекинге жазған хатынан үзінді келтіре кетсек орынды:

«Құпия

Құрметті Филипп Исаевич!

Мен бұл хат арқылы Сізге аз ғана шағым айтқалы отырмын. Өзіңізге жақсы белгілі болғандай, осы уақытқа дейін Адайда күлерлік нәрселелер көптеп етек алды. Қазір барлық карта ойыны ашылды және барлық ұйым аяусыз тексерілуге алынуда. Активтің бәрі түгелге жақын топқа бөлініп, қылмысты болды. Бір бөлігі қылмысқа тартылды, бір бөлігі тергелуде, бір бөлігі тұтқындалды және тағысын тағылар.

Сонымен біз армиясыз генерал сияқты болып қалдық... Сізге тағы да өтініш жасаймын. Совет қоғамдық жұмысын басқаруды қамтамасыз ететін адамдармен бізді қолдап жіберсеңіз екен» [6].

Бұл хаттың мазмұны оған қатты тигені соншалық Т.Б. Өтеулиевті бұл қызметтен босатуға мәжбүр болады. Хаттың сырында жоғарғы басшылардың солақай саясатының пайда болған Адай жеріндегі озбырлық, ретсіздіктің кесірінен халықтың арасында қатты толқу туғаны айқын аңғарылады. Шындығында, Форт-Александровскіден Адай округінің орталығын Гурьевтен де асырып, Ақтөбеге таяу Ойылға көшіргеннен үкімет ешқандай пайда таппай, халықты босқынға ұшыратты. Шындықты айтқандары тергеліп, жер ауды немесе атылып кетті. Белгілі журналист Саламат Хайдарұлы саяси қуғын-сүргіндерге арнап жазған «Қанды асу» атты кітабында мынадай жолдар бар: «Жасыратыны жоқ, олар саяси басшылардың әсіресе, Голощекиннің асыра сілтеуіне қарсы шықты. Шамадан тыс алым-салық салу, елді жаппай отырықшыландыру, еріксіз күшпен ұжымдастыру, халықтың ой-пікірімен санаспай Адай округінің орталығын Ойылға орналастыру сияқты әміршілдік-әкімшілік саясатқа қарсы тұрды. Тұнып тұрған басқа өнеркәсібі жоқ, судың тапшылығынан егін шаруашылығымен айналысудың да жай-күйі тапшылығынан тек қана малға қараған халықтың берекеті кете бастады. Еңселерін жұт басып, басын әлі көтере алмаған ел босқынға ұшырады» [7, 26 б.].

Т.Б.Өтеулиевтің ендігі тағдыры қиыншылыққа толы болды. 1930 жылы Атбасар түсті металл тресінде басқарма бастығы, Степняктегі алтын-мыс тресінде директор, 1930 жылы 20 қаңтарынан Петропавловск округтік прокуроры қызметіне тағайындалады. Бірақ оны бұл лауазымдарда көп тұрақтатпайды, сол жылы «Каззолото» тресі басқарушысының орынбасарлығына тағайындалып, өмірінің соңына дейін атқарады.

Қазақ халқының болашағына шын берілген, саяси сауатты Төлепкерей Бисұлтанұлының Алаш Орда мемлекетінің армиясындағы қызметі және Адай округтік партия комитетіндегі хатшылық кезіндегі саяси ұстанымдары үшін сталиндік зобалаңға тап болады. Оны бір түнде тұтқынға алады, соңында Фатима атты әйелі және үш баласы жылап-сықтап қала береді. «Жапонияның агент», «алашордашыл халық жауы», «Жалау Мыңбаев, Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожановтардың «құйыршығы», көздеген мақсаты – Қазақстан партия ұйымын большевиктер партиясының құрамынан бөліп әкету, кеңес қоғамына іріткі салу» деген айыппен 1938 жылы 8 наурыз күні атылады.

Бар ғұмырын халқымыздың оқу-ағарту ісіне, оның ішінде баспасөз ісіне арнаған абзал азаматтың тағдыры осылай аяқталады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ) 141-қ., 16-т., 2492-іс, 3-п.
2. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (АОММ) 3-қ., 1-т., 156-іс, 5-п.
3. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚОММ) 37-қ., 2-т., 2751-іс, 29-п.
4. Қорқытов Б. Жылнама «Еріктен» басталады. – Алматы, «Арыс» баспасы, 2003. –105 б.
5. БҚ ОММ 1-қ., 1-т., 1245-іс, 3-п.
6. Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағаты (МОММ) 2-қ., 1-т., 162-іс, 1-2-п.п.
7. С. Хайдарұлы. Қанды асу. – Алматы: «Өлке» баспасы. – 1997. – 164 б.

В статье речь идет о жизни и деятельности редактора и общественного деятеля Т.Б.Утеулиева, который активно участвовал в развитие печатного дела в республике. Т.Б.Утеулиев был безвинно расстрелян в годы сталинской репрессии.

In article it is a question of a life and activity of the editor and public figure T.B. Uteulieva was innocently shooting in days of Stalin reprisal.

ӨОЖ 341.231.14:340.12

Исибаева Е.И.

т.ғ.к.,

Қ.Жұбанов атындағы АМУ

**ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ:
АДАМ ҚҰҚЫҒЫ – АЗАМАТТЫҢ БАСТЫ ИГІЛІГІ**

Құқықтар мен бостандықтар көп жағдайларда адамның қоғамдағы орнын, оның мемлекетпен өзара байланысын анықтайды. ҚР Конституциясының 1-бабында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп бекітілген. Бұл конституциялық норма-мақсатта мемлекеттің құқықтық дамуының ұзақ мерзімдік міндеті – мемлекеттің құқықтық сипатын қалыптастыру жарияланған.

Құқықтық мемлекет идеяларын тұжырымдау тамыры адам бостандықтарының тұлға мен мемлекет мүдделерінің, қоғамдық және жеке адам мүдделерінің, мемлекет пен құқықтың ара қатынасының философиялық проблемаларында жатыр. Мемлекет қоғамның ең жоғарғы ұйымдасқан институты ретінде оның

өмірінде барған сайын маңызды рөл атқарып келеді. Бұл мемлекеттік биліктің ерекшеліктерінен келіп туындайды. Тек мемлекет қана бүкіл қоғамның ресми өкілі болып табылады. Жалпыға бірдей міндетті әдеп ережелерін жариялауға және жария мәжбүрлеуді қолдануға айрықша құзіретке иелік етеді [1].

ҚР Конституциясының негізгі идеясы адам мүдделерінің жалпыға бірдей презумпциясы болып табылады. «Адам мүдделерінің презумпциясы, - дейді профессор Г.Мальцев, - заң аясындағы барлық қарама-қайшылықтар, барлық дау-дамайлар адам үшін не тиімді деген көзқарас тұрғысынан шешіледі, барлық шешімдер осы тұрғдан қабылданады, ал ол адам қайдағы бір қиялдағы, қандай да болмасын демократиялық сұлбаға сәйкес әсіреленген адам емес, нақтылы мақсаттары мен қажеттіліктері бар өмірде бар тірі адам[2].

Адамның құқықтары – бүкіл адамзаттың ажырамас, бөлінбес игілігі. Бұл дүниеде қандай да оқиғалар мен әрекеттер орын алмасын, қандай да ғылыми жаңалықтар ашылмасын, олар адамның жағдайына, құқықтары мен бостандықтарына жағымсыз әсер етпеуге тиіс. Қоғамдық процестердің дамуында құндылық бағдар адам құқықтарын ұлағаттаған дүниежүзілік және ұлттық дамудың барлық процестерін адаммен өлшеудің мәні осында жатыр.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап көптеген мемлекеттер жалпы адамзаттық құндылықтардың, либералдық-демократиялық идеялардың ықпалымен адам құқықтарын қорғауды көздейтін құқықтық, әлеуметтік, демократиялық мемлекет принциптерінен бағдар алды. Адам құқықтарын жан-жақтылау процесіндегі мына төмендегідей аса маңызды кезеңдерді атап өту қажет. 1948 жылдың 10 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымы негізгі құқық қорғаушы құжат – адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады. Адам құқықтарын қорғауда 1975 жылы Хельсинки 1989 жылғы Вена келісімдері де маңызды құжаттар болды [3].

Конституциялық нормаларды, идеяларды іске асырудың толықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында адамның абсолюттік құқықтары ұғымы кеңірек қарастыруды қажет етеді. Ол үшін адамның абсолюттік құқықтары мен бостандықтары доктринасын оның пайда болған кезінде де, сонымен бірге қазіргі кезеңде де абсолюттік ғылыми ой елегінен өткізудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның ең асыл қасиеті – қадір мен қасиетін жоғары қояды. Гуманизмге негізделген қоғамда қадір-қасиет заңмен қорғалады. Сондықтан

да Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» -деп жарияланған (17-бап).

Бұл ереже қылмыстық және азаматтық заңдарда нақтылана түседі. Егер біреу адамның қадір-қасиетіне кір келтіретін мәліметтер таратып, оның растығын дәлелдей алмаса, онда қылмыстық, материалдық жауапкершілікке тартылады. Жәбірленуші мұндай мәліметтерді жалған деп есептесе, сот арқылы өзінің жақсы атын қалпына келтіріп, сондай-ақ өзіне келтірілген моральдық зиян үшін материалдық шығынын өндіріп ала алады. Адамның қадір-қасиетін аяққа таптайтын іс ретінде балағаттауға заңмен тыйым салынған. Адамның қадір-қасиетімен бірге Конституция қандай да бір жақтардың жеке өмірге заңсыз қол сұғуынан қорғайды. Мысалы, Конституцияның 18-бабына сәйкес, әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің жеке отбасының құпиясы болуға, абыройы мен ар-намысының қорғалуына құқығы бар.

Жеке өмірге араласпаушылық тұрғын үйге қол сұғылмауды да білдіреді. Ешкім басқа біреудің үйі немесе пәтеріне үй иесінің келісімінсіз басып кіруге болмайды. Басып кіру деп тұрғын үйге өз еркімен кірудің барлық түрлерін: ашықтан-ашық тұрғын үй иесінің өз еркінен тыс немесе олар жоқ кезде құпия түрде кіруін түсінеміз. Бұл үшін заң тіптен қылмыстық жауапкершілікте белгіленген. Мұндай жауапкершілік басқа біреудің үйіне билікті шектен шығып пайдаланып кіргенде, екі немесе одан да көп адам кіргенде, түнгі уақытта кірсе, заңсыз тінту жасағанда (прокурордың санкциясынсыз) тартылады. Полиция қызметкері тұрғын үйге тек қылмыскерді қудалап және бұл қылмыскер тарапынан қоғамдық тәртіп пен адамдардың өміріне қауіп төнгенде ғана кіре алады. Адамды тұрғын үйінен айыруға тыйым салынады. Егер тұрғын үй адамның меншік құқығында болса, оны иелену, пайдалану, билік ету құқығы болады (25-бап). Меншік құқығына кепілдік беру де бұрынғы заманнан бері табиғи құқықтардың қатарына жатады. Меншік құқығы адамға материалдық өндіріс пен бөлініс аясындағы мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін қажетті. Меншік иесі өзінің мүлкіне заңға сәйкес билік ете алады. Ол өзінің мүлкін жеке адамға, қоғамға қарсы пайдалануға құқығы жоқ, яғни басқа адамның, бірлестіктің, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірмеуі тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке меншікті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан заңсыз қол сұғудан қорғайды. Мемлекеттік орган азаматтың мүлкін алу

туралы шешім қабылдаса, азамат келтірген зиянын өндіріп беруге немесе мүлкін қайтарып беруді талап етіп сотқа жүгінуге құқығы бар (26-бап).

Жоғарыда айтылғандардан басқа, Қазақстан Республикасының Конституциясында сөз, баспасөз, бірлесу бостандығы, бейбіт жиналыстар, шерулер жасауға құқық сияқты табиғи құқықтар бекітіліп, кепілденген.

Адамның құқықтары мен бостандықтары, оларды жүзеге асыруға қажетті жағдайлар туралы ойларды қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның құқықтары мен бостандықтарын тану және бекіту, оларды жүзеге асыру табиғи құқықтар теориясына толығымен сәйкес келетіндігін және оларға кепілдік берілгенін айтуға болады. Тек адамның істеуі керек, сонда ғана құқық идеясы нақтылай жүзеге асады. Бұл сұраққа жауап берместен бұрын "адам", "тұлға", "азамат" ұғымдарын айқындап алайық. Әдеби шығармаларда, ауызекі әңгімелерде адам, тұлға, азамат ұғымдары, олардың арасында бергілі бір айырмашылық бар болса да, бірқатар жағдайда бір мағыналы сөздер ретінде қолданылады. Адам ұғымы жеке адамның биологиялық әлеуметтік табиғатын білдіреді. Оны тірі жәндіктің өкілі ретінде қарауға тиіспіз. Биологиялық жаратылыс ретінде "саналы адам" деңгейіне жеткен адам дамуы өте баяу өтеді. Мыңдаған жылдар бойы адам денесінің анатомиялық құрылысы, оның органдары өзгерген жоқ десек болады [4]. Ал, әлеуметтік, яки тұлға сипатындағы тұрғыдан алғанда, адам дамуының орасан зор өрлеу жолынан өтті. Кез келген нақтылы адам тұлға болып саналады және ол табиғи және әлеуметтік ерекшеліктерге ие бола алады. Қоғамда біртіндеп адамның бостандықтары мен құқықтары туралы мәселе дамып-жетіліп, ұлы тарихи құжаттарда тұжырымдалады. Бірақ бұл кезеңде негізінен, жеке тұлғаны адамдардың тағдырын өз қалауы бойынша шешу құқығы берілген жоғары күш ретінде мемлекетке бағындыруға негізделген этатистік көзқарастар үстемдік құрды. Адам құқықтарына әмбебаптық маңыз беру табиғи-құқықтық доктринаның қалыптасуынан кейін басталды. Ағартушылық философиясында адам құқықтары мен бостандықтарының мұраттары тұжырымдалған. Бұл құбылыс өз бастауларын табиғи-құқықтық доктринадан алады.

Адам құқықтарының идеялары қазіргі Қазақстан аумағында басқаша жолмен таралды. Көшпелі мәдениет пен құқықтық санадағы «дәстүрлі құқық» нормалары экономикамен емес, ең

алдымен экологиялық және этикалық тұстармен байланысты болды. Көшпенділердің құқықтық мәдениеті мемлекеттік заң түрінде көрініс табуды қажетсінбейтін табиғи заң мен табиғи құқық нормаларын сақтауға бағытталды. Заң түріндегі белгілеулердің «мейірімсіз формалдығының» орнына аңыз-өсиеттер беделі, дәстүрлі құқық казуистикасы, құндылықтардың дәстүрлі жүйесіне жүгіну, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға, ата-бабаларымыздың аңыздары мен өсиеттеріне сілтеме жасау руаралық бәсекелестік мозайкасы, т.б. үстемдік құрды. Оның үстіне, көшпенді қоғамның табиғи құқықтар нормалар жүйесі мемлекеттен бөлек, тәуелсіз ретінде саяси мемлекеттік билікті шектеу болды. Мемлекеттіктің қауымдық-этнократиялық және әлеуметтік-саяси бастаулары өзара күрделі де қарама-қайшылықты қарым-қатынастарға түсті.

Академик С.Зимановтың пікірінше, «қазақ құқығы - қазақ халқы мен бүкіл көшпелі өркениеттің алтын қазынасы. Ұлы даланың дәстүр-нормативтік жүйесі мен мәдени дәстүрлерінен бастау алған қазақ құқығы көптеген ғасырлар бойына бөгде мемлекеттердің тікелей және жанама қысымына, олардың идеологияларының күшті әсеріне қарамастан, ғажап өміршеңдік пен табандылық көрсетті. Қазақ қоғамы аса зор құрбандықтарға қарамастан, едәуір өзгерістерге ұшырады, бірақ оның сан ғасырлық құқықтық мәдениеті мен тілі ең табанды және өміршең құбылыстар болып шықты. Қазақ даласын құйындатып өте шыққан өзгерістер мен төңкерістерге қарамастан, қазақ құқығының өзінің бастапқы түрінде осынша өміршеңдігінің сыры оның негізінде және мәдениеттің өзінде, оның нормативтік жүйесінде халықшылдық пен адамның ерікті, табиғи бостандығының, яғни адам мен адамзаттың мәңгі ұмтылыстарымен үндес адамгершілік идеялары мен қағидаларында жатқандығында болып отыр. Бұл қазақ құқығының басқыншылар мен олардың режимдерінен әлдеқайда күшті болып шығуының іргелі себептерінің бірі болды» [5]. Айтарлықтай көлемді бұл үзіндіні көшпелі қоғамдағы адамның құқықтары мен бостандықтарының ерекшеліктерін көрсету үшін келтірдік. Біздің пікірімізше, Қазақстан ежелден-ақ өз болмысының негізін адамгершілік талаптарына сәйкес қалаған. Бұл адамдардың діни, отбасылық, мемлекеттік міндеттерін сезінуге, борышты құқықтан жоғары санауларын тәрбиелеуді қажет етті.

Қазіргі кезде адамның ең жоғарғы құндылық екені, оның құқықтары мен бостандықтарының ажырамастығы туралы идеяның өзіне лайықты баламасы жоқ. Адамзат тарихы қоғамдық дамудың

басқа басымдықтарын белгілеу оның құқықтары мен бостандықтарының шектеуге, тоталитарлық режимдердің орындалуына алып келді. Адамның табиғи ажырамас абсолюттік құқықтары доктринасының адамның ең жоғарғы құндылық екендігі туралы идеяны бекітуде оң рөл атқарғаны даусыз [6].

Жалпы алғанда, ҚР Конституциясында тұлғаның еркін өздігінен дамуына көмектесетін адам құқықтары мен бостандықтарының кең тізімі бекітілген. Бұл каталог жалпы халықаралық стандарттарға сай келеді. Оның үстіне, Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтар абстракция емес, оларды қорғаудың және кепілдік берудің механизмі бар. Аталған қағиданың Конституцияда бекітілуі ҚР даму бағытын дұрыс таңдағандығын дәлелдейді, өйткені тарих сабақтары қоғамдық проблемаларды шешу, әлеуметтік өзгерістер барысында адам мен оның мүдделері ұмыт қалған жағдайда осы өзгерістердің өз мағыналарын жоғалтып, қоғамдық прогреске кедергі болатынын талай мәрте дәлелдеді.

Қазіргі демократиялық қоғамда адамның мүдделері, құқықтары мен бостандықтары басым болған жағдайда, олар көпшілік мүдделерімен үйлесімде болуға тиіс. Олардың араларында туындайтын нақтылы қарама-қайшылықтар адам мүдделерінің пайдасына, оның құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мақсатында шешілуге тиіс. Егер бұрын жеке адам толығымен мемлекетке бағынып, оған тәуелді болса, табиғи-құқықтық доктринаның дамуымен тұлға дербестікке ие болды. Тұлға мемлекет тарапынан адамның бостандығы аясына қол сұғуға болмайтын құқығына иелік етеді және оның құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда мемлекеттік қорғауға кепілдік алады. Бұл табиғи-құқықтық доктринаның маңызды рөл атқарып, адамның тумысынан біткен, оған табиғат пен жаратушы сыйлаған, осыған байланысты мемлекеттің ырқы мен зорлық-зомбылығынан тәуелсіз табиғи, туа біткен құқықтарының идеологиялық, доктриналық негіздеушісі болғанын дәлелдейді. Бірақ проблема адамның негізгі құқықтарының бір-біріне сәйкес келмейтін жеке және көпшілік құқықтар мен мүдделердің қақтығысы барысында іске асырылатынында болып отыр.

Бұл мәселенің негізгі құқықтарды қорғау және оларды шектеу арасында нәзік жіктеме шек жүргізу арқылы шешуге болады. Негізгі құқықтардың ажырамастығы және оларды шектеу

араларындағы ымыраға тек конституциялық деңгейде ғана қол жеткізуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Понятие права человека: понятие и сущность. Учебник для вузов. //Е. А. Лукашева. Москва. Норма. 2000год.
2. Мальцев Г.В. Социалистическое правовое государство: концепция и пути реализаций. М.1990.142 бет.
3. Теория государства и права. Т.Н. Радько. Москва. Академический проект. 2005г.
4. И.Тасболатов. «Адам құқығы мен бостандығы»; Заң журналы. №7, 2002 жыл.
- 5.Зиманов С.З. Древний мир права казахов и его истоки //Древний мир права казахов. - Алматы. Жеті жарғы.2001 ж. т-1.27-бет.
6. Аженов. М.Социальная стратификация и средний класс.//Мысль стр. 25-26с

В данной научной статье рассматривается значение таких нематериальных благ гражданина в государстве как права и свобода человека. Автор раскрывает понятия, место и роль прав и свободы гражданина в светском, правовом обществе. Автор приходит к выводу, что понятие человеческих прав необходимо изучить более глубоко с целью обеспечения реализации конституционных норм и идей, полноту и доступность в использовании. Были перечислены некоторые из документов иностранных деклараций и Конституций о наличии и охране прав и свободы человека в их странах, что, многое из которых перенялось нашей страной. В демократическом государстве их ограниченное применение или временная остановка ни в коем случае не допускается. В обществе проблема прав и свободы человека постепенно расширяется и прогрессирует в своем развитии в лучшую сторону, что в последствии заключается в великих исторических документах. В конце автор приходит к выводу о том, что, если в демократическом обществе человеческие запросы, права и свобода человека будут стоять в первых рядах, они должны будут существовать в полной гармонии с другими запросами и интересами общества; возникшие между ними несоответствия, учитывая интересы людей, должны разрешаться с целью реализации прав и свободы человека.

In this scientific article value of such non-material blessings of the citizen as the rights and freedom of the person in the state is considered. The author opens concepts, a place and a role of the rights and freedom of the citizen in a high, legal society. The author comes to a conclusion that the concept of the human rights is necessary for studying more deeply for the purpose of maintenance of realizations and Constitutions on presence and protection of the rights and freedom of the person in their countries have been listed that much and was adopted by our country. In the democratic state their limited application or a time stop at all is not allowed. In a society the problem of the rights and freedom of the person gradually extends and progresses in the development to the best that in a consequence consists in great historical documents. In the end the author comes to a conclusion that if in democratic society human inquiries, the rights and freedom of the person stand on the first rows, they should exist in full harmony with other inquiries and interests of a society, the discrepancies which have arisen between them, considering interests of people, should be resolved for the purpose of realization of the rights and freedom of the person.

ӘОЖ 069

Ахмет А.Қ.

т.ғ.к.,

Х. Досмұхамедов атындағы АМУ доценті

МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫН ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ

Қоғамдық ойдың дамуына жетекші болатын негізінен екі фактор бар. Оның бірі - ақпарат алмасудың тездігі, екіншісі - тарихи сананың қалыптасуы. Тарихи сананың қалыптасуында тарихи оқиғаларға баға беру мен ғылыми-техникалық жаңалықтарды меңгеріп, тарихи деректерді талғап, талдап және мақсатты пайдаланудың мәні зор. Осыған орай тарихи шындықтың тегін анықтап, өткенге ой елегінен өткізіп қарау - тарихшыларға қойылатын бірінші талап.

Сондықтан мұрағат қорларындағы құжаттарды жариялауды кеңінен жүргізу мақсатында 1945 жылы мұрағат қорындағы құжаттарды жариялау туралы ереже қабылданды [1].

Қабылданған ережеде алғашқы рет құжаттарды жариялаудың жалпы принциптері көрсетілді. Дегенмен де қабылданған ережеде құжаттық материалдардың баспаға шығарылуы туралы толық әрі нақты мәселелері шешілмеді. Шығарылатын басылымдардың типі, формасы және түрі, құжаттарды сұрыптау, ғылыми-анықтама аппараты толық жасақталмады.

Ереженің маңыздылығы сол, әртүрлі кезеңдегі құжаттық материалдарды басып шығарудың келешек жоспарын жасақтаудан тұрды. Ереженің қабылдануы соғыс уақыты кезеңіндегі мұрағат ісіндегі археографияның дамуындағы үлкен жетістіктерінің бірі болды.

1945 жылдың 12 қыркүйегінде Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті жанындағы үгіт және насихат бөлімінде Қазақ КСР тарихының екінші басылымын дайындау туралы кеңес өткізілді. Кеңеске Қазақ КСР Жоғарғы Президиумының төрағасы Ә.Әбдіхалықов, Марксизм-ленинизм институтының директоры Н.Тимофеев, Қазақ мемлекеттік университетінің тарих кафедрасының меңгерушісі С.Н.Покровский, Қазақ медицина институтынан С.Ботман, ғалым Қ.Сәтпаев, тарихшылар Х.Айдарова, А.И.Яковлев және Орталық мемлекеттік мұрағат бастығы Н.Н.Фёдоров қатынасты. Осы кеңесте Н.Н.Фёдоров сөз

сөйледі [2, 1, 12, 22-23 пп.]. Ол сөйлеген сөзінде республикадағы мұрағат органдары 1940 жылға дейін мұрағат ісінде құжаттарды жариялау жұмыстары жүргізілмеді, оған сай жоспарда жасақталмағанына тоқтала келіп, «Қазақ КСР тарихын» құрастыруға мұрағат ұжымының қатыспағанын тілге тиек ете отырып, кітапты құрастырушыларға мұрағаттағы құжаттарды толық пайдалану туралы ұсынысқа жауап болмағандығын баян етті.

Егер де тарихшылар мен зерттеушілер Қазақстан тарихына қатысты құжаттарға ерекше көңіл бөлсе, жеке тақырыптар бойынша монографиялардың шығу мүмкіндігінің барлығы назарға берілді.

Орталық мемлекеттік мұрағатының оқу залында тарихи құжаттармен жұмыс жасау мақсатында жастарды, студенттерді, оқытушыларды тарту жұмыстарына күш салу қажеттігіне көңіл бөле отырып, жаңа құжаттарды ғылыми айналымға енгізу тек мұрағат органдарының ғана емес, сонымен қатар барлық тарихи ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметіндегі ортақ іс пен міндет болатындығын әділ түрде атап өтті.

1946 жылы КСРО ИХК мемлекеттік мұрағат басқармасы КСРО ИМ мұрағат Бас басқармасы болып қайта құрылды. Осыған орай Қазақстан, Әзірбайжан және Грузия, т.б. мемлекеттік мұрағат басқармаларындағы бөлімдер де өзгерістерге ұшырады. Олардағы ғылыми кеңестер мұрағат жұмыстарын ұйымдастыру, ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу сияқты басты мәселелерді қарастырды. Облыстық мұрағат мекемелерінде құжаттарды пайдалану бөлімдері немесе топтары құрылды.

1946 жылдың сәуір айында Москва қаласында КСРО ИМ мұрағат Бас басқармасы ұйымдастыруымен одақтас республикалардың мұрағат басқармалары жетекшілерінің қатысуымен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы (1941-1945 жж.) мұрағаттардағы баспа жұмыстарының қорытындысы туралы алқалы кеңес өткізілді. Осы кеңесте Қазақстан мұрағатшыларының еңбегі ерекше атап өтілді [3, 24-25 пп.].

Қазақстан мұрағаттарында бұл шараға байланысты көптеген ізденіс жұмыстары жүргізілді. Сондай жұмыстардың нәтижесінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның жеңіске қосқан үлесі туралы қатысты деректі құжаттарға нақтылы негізделген іргелі де сүбелі жинақтар жарық көрді [4].

Бұл жинақтарда коммунистік партияның рөлі, жұмысшылар мен шаруалардың тылдағы ерен ерлігі, майдан даласындағы

қазақстандықтардың жан қиярлық ерліктері паш етілген. Құжаттық жинақтың жарық көруіне облыстық мұрағат органдары да елеулі үлес қосты.

1947 жылдан бастап қазақ, украин, әзірбайжан, москвалық мұрағатшылардың дайындаған құжаттық жинақтары шығарыла бастады. Шығарылған жинақтарға енгізілген құжаттарды жинақтау соғыс алдында және соғыс уақытында жүргізілген болатын.

1948 жылдың 16-17 шілде күндері Москва қаласында Лениндік декреттің 30 жылдығына арналған конференция жұмысында кеңестік кезең дәуіріндегі құжаттарды жариялауға баса назар аудару қажеттілігі атап өтілді. Конференция барысында КСРО мұрағат Бас басқармасы тарапынан құжаттар жинағын шығаруға дайындық жұмыстарының жоспары қаралды. Мұрағат мекемелері соғыстан кейінгі төртінші бесжылдық (1946-1950жж.) жоспарын орындаудағы міндеттерін нақтылады.

Өткізілген конференция барысында 400-ден астам құжаттық жинақтар шығарылғаны ерекше атап өтілді. Бұл шығарылған жинақтар КСРО тарихындағы социалистік құрылыстың сан-саласын қамтығанымен ерекшеленді. Археографтардың басты міндеттерінің бірі кеңестік кезеңдегі құжаттарды жарыққа шығарып жариялау болды[5, с. 6-8].

Соғыстан кейінгі бейбіт уақытта мұрағат органдары ақпараттық журналдар шығара бастады.

1945 жылы Грузия Мұрағат басқармасы «Саисторио моамбе» журналын шығарса, ал 1947 жылы Украин КСР мұрағат басқармасының ғылыми-ақпараттық бюллетені жарық көрді.

Қазақстандағы мұрағат археографтары тарапынан дайындалған құжаттық материалдар «Қазақ КСР ҒА Хабаршысына» жарияланды. Жергілікті мұрағат органдарында деректі жарияланым мен әдістемелік жұмыстарды жандандыру мақсатында археографиялық жұмыстарға шолу кеңінен жүргізілді. Осы мақсатта 1948 жылдан бастап, КСРО ИМ мұрағат Бас басқармасы арнайы жинақ шығара бастады[6].

1950 жылдың 8 сәуіріндегі Қазақ КСР Ішкі істер министрі, генерал-лейтенант Долгих КСРО Ішкі істер министрі, генерал-полковник Кругловқа жазған өте құпия баяндама жазбасында мұрағат органдарында қайта құру жұмыстарын жүргізу мәселелерін көтереді[7, 8-9 pp.].

Жазбада көптеген кемшіліктерді атай келіп, КСРО мұрағат Бас басқармасы тарапынан мұрағат ісіне байланысты және іс-тәжірибе

алмасу туралы кеңестердің соңғы жылдары өткізілмегендігі, мұрағат ісіне қатысты журналдың жоқтығын қатерге береді. «Кеңестер Одағы бойынша ғылыми-жариялау жұмыстарын жоспарлауда КСРО мұрағат Бас басқармасы мүлдем айналыспайды» - дей келіп, министр 1943 жылы өткізілген КСРО тарихшы-мұрағатшылар конференциясында көтерілген құжаттық жинақтарды жариялау жұмыстарын тарихи ғылыми-зерттеу мекемелермен және баспалармен келісім туралы болашақтағы біртұтас жұмыс жоспарын жасақтау мәселесі 7 жыл өтсе де жасақталмағанын ашық жазады. Және мұндай жағдайда ғылыми құжаттық жинақтарды жариялау жұмыстары орталық және одақтас республикалар мұрағат органдары арасындағы байланысты нашарлататындығын, кейбір басылымдарда жарияланған құжаттардың фактологиялық қарама-қайшылықтар туғызатындығына назар аударады. Мұрағаттардағы осындай және басқа да өзекті мәселелерін шешуде одақ министрінің жеке өзі айналысуын сұрайды.

Қазақ КСР ІІМ мемлекеттік мұрағат басқармасының бастығы И.З.Чумак іске тігілуге жататын бұл құжаттың екінші данасына жазған жазбасында баяндамада көрсетілген мәселелердің тек Қазақстанға қатыстыларын қалдырып, өңдеп шығуға министрдің нұсқау бергендігін жаза келіп, бұның мүмкін еместігін және ондай өңдеуден бас тартқаны туралы жазады. Соған қарағанда республика министрінің көтеріп отырған мәселесі одақтық дәрежедегі маңызды мәселе екендігіне көз жеткіземіз.

1950 жылдың шілде айында И.З.Чумак БК(б)П Орталық Комитетіне Ефграфовқа жіберген құпия хатында Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі Хромковтың хабарлауы бойынша БК(б)П Орталық Комитетінің баспа секторы тарапынан Қазақ КСР ІІМ мұрағат басқармасының 1949 жылы шығарған «Алма-Ата в период октября и в годы гражданской войны» (Летопись событий) атты кітабын талқылап және көпшілік пайдаланудан алып тастауға тапсырма берілгендігін баян етті[7, 76-78 pp.].

Кітапта жіберілген нақты кемшіліктер туралы Қазақстан К(б)П ОК-і тарапынан ешқандай ескерту берілмегенін және олардың өздері де білмейтіндігін жаза келіп, сол күні партия қатарындағы тарихшыларға кітаптағы кемшіліктерді табуға және кітапты айналымнан алып тастауға тапсырма берілгендігін жазды. Бұл тапсырма республика партия комитеті қызметкерлері тарапынан

тікелей БК(б)П ОК-нің директивасы ретінде қабылданатындығы сөзсіз еді. Осындай жағдайда бұл кітапты қорғайтын тұлғаның табылуы да екіталай еді.

27 шілде күні И.З.Чумакты Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Иванов шақырып, КСРО ИМ Мұрағат Бас басқармасына кітаптың баспадан шығуы туралы түсінік жазу қажеттігін ескертеді. Сонымен бірге көрсетілген бөлімге де төмендегі екі сұраққа түсініктеме беруді талап етеді. Біріншісі, кітапты дайындау барысында БК(б)П ОК-нің жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Ленинград қалалық комитеті жанындағы партия тарихы институты шығарған «Большевики в период подготовки и проведение Великой Октябрьской социалистической революции» (Хроника событий в Петрограде) атты кітаптағы деректер пайдаланылған. Екінші, неліктен жарық көрген кітапта БК(б)П ОК-і жанындағы Марксизм-ленинизм институтының рұқсатынсыз «История гражданской войны в СССР» атты 2 томдыққа сілтеме жасалады.

Қойылған сұрақтарға берген жауабында И.З.Чумак «Хроника событий в Петрограде» атты кітаптың айналымнан 1950 жылдың 30 наурызында алынғандығын, басқарма тарапынан жарыққа шыққан кітап 1948 жылдың тамыз айында баспадан шыққандығын және аталған кітапқа 1947 жылы «Большевик» журналының № 21, «Партийная жизнь» журналының №18 сандарында жарияланған оң пікірлер назарға алынғанымен түсіндіреді. Марксизм-ленинизм институтымен келісу туралы нұсқаудың болмағандығын ескертеді.

Қазақстан К(б)П ОК-і өз тарапынан кітапта елеулі кемшіліктердің барлығын мұрағат басқармасына ескертеді. Атап айтсақ, кітаптың 1 тарауында революция жылдарында бұқара халықты ұйымдастыру және мобилизациялау шараларында негізінен контрреволюциялық күштердің құжаттары енгізіліп, көп орын берілгендігі ерекше назарда ұсталды.

Кітапқа бұл құжаттардың енгізілуіне байланысты З.И.Чумак өз көзқарасын төмендегіше білдіреді.

Контрреволюциялық күштердің құжаттарын пайдалана отырып, олардың келісімпаздық, буржуазиялық, контрреволюциялық іс-әрекеттерін әшкерелейтін қажетті құжаттардың енгізілуі себептерінің бірі сол тұстағы жергілікті большевиктік ұйымдардың құжаттарының сақталмауына байланысты, «жау лагерьдегі» элементтердің құжаттарын пайдалануға мәжбүр болғандықтарын ескерте кетеді. Жарық көрген «жылнама» партиялық көзқарас

тұрғысынан жазылғандығы туралы 1950 жылдың «Большевик Казахстана» журналының №3 және «Казахстанская правда» газетінің 9 сәуірдегі сандарында оң пікір жазылды. Сонымен бірге И.З.Чумак бұл істі қолдан ұйымдастырып отырғандар барлығын ашына айта келіп, аталған мәселені кейбір тарихшылар мен КСРО ПМ мұрағат Бас басқармасындағы бірлі-жарымды қызметкерлердің мемлекеттік мұрағат қорларындағы материалдарды пайдалануды жете бағаламайтын көзқарастарын таңуға пайдаланатындығы туралы пікірін ашық айтты. Айтылған пікірді өмірдің өзі дәлелдеп бергені сол, іле-шала 1950 жылдың желтоқсан айында тарихшы-ғалым Е.Бекмахановқа қарсы баспасөз бетінде «шабуыл» басталды.

И.З.Чумакпен әңгіме барысында Хромков мұрағат органдары тарихи материалдар жинағын шығаруды текке қолға алмағандығын, өзінің көзқарасы бойынша мемлекеттік мұрағаттар ісі еместігін айтады. Мұрағат басқармасы бастығы, хатшы Ефграфовтан мәселені өзінің хаты арқылы ОК-ің хатшысы Г.М.Маленковке хабарлап БК(б)П ОК-де қарауға күш салуды сұрайды. Мұрағат органдарының археографиялық жұмыстары партиялық «қырағылықтың» нәтижесінде елеулі кедергілерге кездесті.

Мұрағат қорларындағы тарихи деректі құжаттарды жариялауда көптеген елеулі кемшіліктер байқала бастады, оның бір дәлелі Ұлы Қазан революциясының 50 жылдығына орай арнайы құжаттарды жинақтау барысында анықталды.

Кемшіліктерге жол берілудің басты себептері 1956 жылдың 14-26 ақпанында өткен СОКП-ның XX съезінде баяндалды. Қоғамдық ғылым саласында догмалық, жаттандылық, дүмшелік, көзбояушылық, тарихи оқиғаларды біржақты саралау кеңінен етек алды. Дегенмен де бұл айтылған кемшіліктер кейін ұзақ жылдар бойы айтылмай, «жабулы қазан жабылуымен» қалғаны да ақиқат.

Осыған орай, өткен ғасырда біз төл тарихымызға қатысты деректерді толық игере алмадық. Бұл арада өз тарихымызға қатысты деректердің бәріне толыққанды қол жеткізе алмағандығымыз, қолда бар деректерді қорытуда саяси цензураның шектеуіне ұшырағандығымыз, ұлттық тарихымызды зерттеп, зерделеуде орны толмас олқылықтарға жол беруімізге негіз болғаны назардан тыс қалмағаны да жөн деп білеміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Основные правила публикации документов Государственного архивного фонда Союза ССР. М., 1945. – 35 с.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚРПМ), 708 қор, 11-тізбе, 278-іс.
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ), 544-қор, 1-тізбе, 81-іс.
4. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 г.г. Т.1. июнь 1941-1943 г.г. – Алма-Ата, 1964. – 596 с.
5. Вяликов В.И. Архивное дело в период построение социализма в СССР. М., 1982. – 107 с.
6. Обзор состояние научно-публикаторской работы государственных архивов СССР. М., 1948. – 291 с.
7. ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 1455-іс.

В статье были рассмотрены проблемы опубликования документов архивного фонда.

The article examined the problems of publication of the archival collection of documents.

ӘОЖ 351.77 «20»(574)

Бейсенғалиев Ә.Ж.

аға оқытушы,

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ

ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ (1946-1979 жж.)

1946 жылы облыс бойынша 309 емдеу және алдын-алу мекемелері болды, оның ішінде аурухана - 39, 60 дәрігерлік емхана, 126 акушер-фельдшерлік мекеме, сүтпен қамтамасыз ететін ас үйі бар әйелдер мен балаларға кеңес беретін 17 мекеме, 17 зертхана, 22 дәрі-дәрмек қобдишасы және 36 дәріханалық бөлімдер болатын. 315,75 смета бойынша дәрігердің орнына облыс бойынша небәрі 84 дәрігерлік емдеу мекемелері ғана болды. Бұл Қостанай облысының дәрігер мамандармен 80% -ға ғана қамтылғанын көрсетеді. [1,40 п.]

1948 жылдың 1 қаңтарында Қостанай облысы бойынша денсаулық сақтау мекемелері: стационар мекемесі қалада - 1, ауылда - 29; емхана қалада - 2, ауылда - 45; венериологиялық диспансер қалада – 1; тіс емдейтін дәрігер кабинеті қалада – 3, ауылда – 7 ; бөбектер бақшасы қалада- 2, ауылда - 20; сүт беретін ас үйі қалада – 2, ауылда - 5 ; жедел-жәрдем қалада – 1, санитарлық

авиация станциясы қалада – 1 (1947 жылы құрылған) балалар үйі қалада – 2, санитарлық ағарту үйі қалада – 1. 1948 жыл бойынша 44 дәрігер келген. Облыс бойынша бос орын – 279, жұмыс істейтіні – 233 [2, 20 п.].

1950 жылдарда облыс бойынша науқастың алдын-алу және емдеу мекемелерінің жұмыстарының алға басқаны төменде көрсетілген:

Қаладағы біріктірілген мекемелер саны: ауруханалар мен перзентханалар:

Жоспар бойынша - 4, осы жылға бары - 4.

Ондағы койка саны: жоспар бойынша - 345, осы жылға бары - 345.

Біріктірілмеген мекемелер саны: ауруханалар мен перзентханалар: жоспар бойынша - 2, осы жылға бары - 2.

Ондағы койка саны: жоспар бойынша - 85, осы жылға бары - 85.

Диспансерлер: жоспар бойынша - 4, осы жылға бары - 4.

Ондағы койка саны: жоспар бойынша-180, осы жылға бары -222.

Ауылдық жердегі біріктірілген ауруханалар мен перзентханалар: жоспар бойынша - 32, осы жылға бары - 32.

Ондағы койка саны: жоспар бойынша-750, осы жылға бары -743.

Біріктірілмеген мекемелер саны: ауруханалар мен перзентханалар: жоспар бойынша - 32, осы жылға бары - 32.

Ондағы койка саны: жоспар бойынша - 750, осы жылға бары - 743 [3, 20 п.].

1950 жылы денсаулық сақтау саласы үшін қордан қаралаған қаржы 25930,0 мың сом, 1950 жылдың 1 қазанына бұдан жұмсалғаны 16957,1 мың сом немесе жоспардың 70,0 %-ы. Барлық емдеу мекемелерінде жоспар бойынша 325 дәрігер жұмыс істеу керек, ал 1950 жылдың 1 желтоқсанына жұмыс істеп жатқан дәрігер саны - 204 адам. 1949 жылмен салыстырғанда 1950 жылдың бірінші жарты жылында облысты дәрігер мамандарымен қамтамасыз ету бірқатар жақсарған. 1950 жылдың басында облыс бойынша алдын-ала көмек көрсету және емдеу мекемелерінде 166 дәрігер жұмыс істегенін ескерсек, алайда бірқатар балалар мен әйелдерге кеңес беретін орталықтар, 5 санэпидстанция, 11 ауылдық дәрігерлік учаскелер дәрігер мамандарға тапшы [4, 10 п.].

Ленин атындағы облыстық аурухана білікті және жетекші мамандармен қамтамасыз етілген және ондағы мамандар саны жеткілікті. Ауруханада 150 койкалық орын, оның 63-і хирургия бөлімінде, 47-сі терапия бөлімінде, 20-сы онкология бөлімінде және 30 койкалық орын жұқпалы науқастар бөлімінде. Бұдан басқа 32 дәрігер қызмет ететін емхана бөлімшесі бар. 1950 жылдың соңғы 10 айында ауруханаға 3553 науқас түскен, оның ішінде 1265 адам ауыл тұрғыны немесе 30%. Аурухана ұжымы жоспарды уақытылы орындап отырғанымен, бұған қарама-қарсы олқылықтар да кездесіп тұрған. Мысалы: 1950 жылдың соңғы 10 айында науқасты жатқызатын бос орын болмағандықтан, оларды ауруханаға жатқызудан бас тартулардың 413 жағдайы кездескен [5, 129 п.]. Сонымен қатар, әйелдерге босанар кезде көрсетілетін көмек қанағаттанарлық емес. 1950 жылдың бірінші жартысындағы босанар кездегі дәрігерлік көмек облыс бойынша 71,9% құрайды, оның ішінде ауылдық жердегі көмек 54,3%. Осы көрсеткіштердің ішінен осы кезеңдегі стационардағы көмек қала бойынша 78%, ауылдық жерде 21,2%. Бұдан ауылдық жерлерде әйелдердің босануы мамандардың көмегінсіз өтетіні байқалады. Перзентханаларда нәрестелердің өлі туу 1,7%-ды құраған, ал шетінеу 0,01%. Бұл көрсеткіш 1949 жылдың бірінші жартысында 2,9% [6, 130 п.]. Қазақ ССР Министрлер кеңесінің 1953 жыл 24 шілде №548 қаулысына сәйкес, Қостанай облыстық еңбекші депутаттарының атқару комитеті 1953 жылы 30 шілде №516 шешімі бойынша, спорт және облыстық дене шынықтыру кеңесін және облыстық денсаулық сақтау бөлімін біріктіру қарастырылды. 1956 жылы Қостанай облысы бойынша 10 облыстық және қалалық аурухана, 150 ауылдық аурухана қызмет етті. 1956-1958 жылдар аралығында бірнеше емдеу және алдын-алу мекемелері іске қосылды. Денсаулық сақтау саласы бойынша: 1956 жылы 7 ғимарат: оның 2-уі аурухана, 2-уі күндізгі емдеу бөлімі, 1957 жылы 11 ғимарат, оның 4-уі аурухана, аудандық санэпидстанция – 1, амбулатория – 2. Қостанай облысының тұрғындарына дәрігерлік қызмет көрсету үшін 1959 жылы 1 облыстық аурухана, 9 қалалық науқасхана, 2 перзентхана ашылған [7, 68-71 п.п.].

Мұрағат деректері бойынша, облыстағы дәрігерлер саны жылдар бойынша: 1956 жылы - 412, 1957 жылы – 402, 1958 жылы – 451. Бұлардың ішінен осы жылдары келгені және кеткені, келгені: 1956 жылы – 8, кеткені – 91. 1957 жылы келгені – 123, кеткені – 74. 1958 жылы келгені – 74, кеткені – 46 [8, 158 п.].

1956 жылы Қостанай облысы бойынша дәріханалар саны - 34. Осы жылы қосымша 5 дәріхана ашылған. 1957 жылы дәріханалар саны 39 болса, оған қосымша осы жылы тағы 2 дәріхана ашылған [9, 11 п.].

1957-1958 жылдардағы фармперсонал саны - 114 адам [10, 12 п.].

1958 жылдың 1.XI. мәліметі бойынша облыстағы алдын-алу және емдеу мекемелерінде 483 дәрігер және 2485 орта дәрігерлік мамандар жұмыс істеген. Бірақ, облыстағы емдеу мекемелерін мамандармен толық қамтамасыз ету іске аспаған. Мамандар жеткіліксіз. 55 учаскелік ауруханалар мамандармен толық қамтылмаған. Көптеген аудандарда арнайы мамандар жоқ. Мысалы: 4 аудандық ауруханаларда хирург, 6 аудандық ауруханаларда акушер-гинеколог, 3 аудандық ауруханаларда балалар дәрігері, 10 аудандық науқасханаларда 10 фтизиатрлар, 3 аудандық ауруханаларда терапевтер және 12 аудандық ауруханаларда рентгенологтар жетіспеген [11, 8 п.].

1959 жылдың 4 наурызындағы Министрлер кеңесінен үзінді. Халыққа дәрігерлік қызмет көрсету мекемелері арнайы ғимараттарда орналастырылмағандықтан, қала және облыс жұртшылығын толық қамти алмаған. Қалада перзентхана мен науқас адамдарға арналған 900 орынның орнына 420 орын ғана бар. Бір күнде 1000 адам қабылдайтын емхана орнына, күніне 400 адам қабылдайтын екі шағын емхана жұмыс істеген. Қалада салып жатқан облыстық және қалалық ауруханалар құрылысы төртінші жылға аяқ басқан. Қабырға бетондарының жоқтығынан құрылыс тоқтап тұрған. 1959 жылға белгіленген кеуде ауруына шалдыққан балаларға арналған диспансер осы қабырға бетонының жоқтығынан құрылысы басталмаған. 1959 жылы салынып жатқан ауруханалар мен құрылысы белгіленген диспансердің сыртында қалаға және облысқа өте қажет қосымша құрылыс жұмыстары қарастырылды: 100 орынға арналған балалар жұқпалы аурулар ауруханасы. 100 орынға арналған балалардың соматикалық ауруханасы. 200 орынға арналған және күндіз ем алатын кеуде аурулар диспансері. 120 орынға арналған перзентхана [12, 40 п.].

1959 жылы Қостанай қаласында тұрғындарды алдын-ала сақтандыру және балаларға қызмет көрсету салаларында сапалы және мәдени түрде медициналық қызмет көрсету үшін көп тер төгілді. Қалада 1960 жылы 10 стационар болды /1959 жылы 1 қаңтарда болғаны - 840 орындық/. Бұл өткен жылмен салыстарғанда 16,0%-ға өскен. 1959 жылы қаладағы 100 орындық

балалардың жұқпалы науқастарға арналған науқасханасын 100 орынға дейін қайта жабдықтау арқасында және перзентханалардың койкалық орын санын көбейту арқасында өскен. 1960 жылдың басында бұған қосымша онкодиспансерде-25 және қалалық ауруханаға қосымша 150 орындық ғимарат салынып, іске қосылды. Бірақ онкодиспансер құрылысы әлі аяқталмаған, ал бар койкалық орын саны жұртшылыққа толық көмек көрсету үшін жеткіліксіз, өйткені бұл мекеме сонымен қатар облыстық болып саналған. Сонымен, 1958 жылға қарағанда 1959 жылы 27,1% қабылдау кеміген. 1959 жылы кейбір емдеу мекемелері екі сатылы қызметке көшу арқасында науқастарға қызмет көрсету жақсарған [13, 1 п.]. 1959 жылдары Қостанай қаласында маусым айында қатерлі ішек науқастармен ауыру жәйттері 1958 жылдың маусым айымен салыстырғанда 2,2 есеге артқан. Қалада қатерлі ішек науқасымен ауырғандарды госпитальдау орындары болмау салдарынан олар үйлерінде қалып, ауруды тарату көздеріне айналған. Осы жағдайға байланысты, Қостанай қаласының эпидемияға қарсы шұғыл комиссиясы 1959 жылы 17 шілдеде №3 «100% госпитализация жасау үшін қатерлі дизентериямен ауырғандар үшін эпидстационар ашу» қаулысын қабылдайды. Медучилище директоры Назаренко И.Н. жолдастан эпидстационар ашу үшін 1959 жылдың 20 маусымына дейін медучилищенің ағаш корпусын босату сұралды [14, 13 п.].

1961 жылғы мәлімет бойынша, осы жылы оқу бітірген облысқа 119 дәрігер қосылды, оның сыртында 66 дәрігер өз еркімен келді. 1961 жылдың 1 қаңтарында 1186 орта дәрігерлік қызметкер жұмыс істеген [15, 1-2 б.].

1962 жылы құрамында 400 адамы бар В.И. Ленин атындағы облыстық аурухана ұжымы Коммунистік еңбек ері атағын алу үшін біраз тер төкті. Ұжым көптеген жетістіктерге жеткенімен, бұл атаққа ие бола алмады. 1962 жылға бұл ұжым қоры 175 койкалық орын санымен енсе, қаңтар айында бұған қосымша салынған негізгі ғимарат арқасында 125 койкалық орынға толықты, ал қараша айында облыстық денсаулық сақтау бөлімі қосымша балалар бөлімі үшін 20 орын бөлді. Аурухана қуаты 320 койкалық орынға жеткізілген. Құрылымы төменгідей: хирургия бөлімі - 70 койкалық орын, терапия бөлімі – 50 койкалық орын, травматология бөлімі – 50 койкалық орын, балалар бөлімі – 60 койкалық орын, лор бөлімі – 50 койкалық орын, неврология бөлімі – 40 койкалық орынды құрады [16, 2 п.]. 1962 жылдары облыс аудандарына қызмет

көрсету үшін санитарлық авиация станциясына 2 ЯК-12-А самоләті бөлінді. Мамандарды шұғыл шақыртуларға және жоспарлы кеңес беру үшін жеткізуге, сонымен қатар қан және дәрі-дәрмектер жеткізу үшін Қостанай әуе отрядының рейстік самолеттері кеңінен қолданылған. Бұған кеткен қаражат 1586 сом 70 тиынды құраған. 1962 жылы дәрі-дәрмек және арнайы медициналық құралдар сатып алу үшін смета бойынша 52437 сом бөлінген, ал 56778 сом қан құю бөлімшесі үшін қаналмастырғыштар сатылып алынған. Қоймаға аударылған қаражат 55073 сом, ал қарыз 1700 сом [17, 111 п.].

Осындай ел қамын, тіл тазалығын ойлаған еңбектерінің бірқатары әр жылдарда жазылған сан алуан үлкенді-кішілі толғаныстары мен ой-тұжырымдары болып табылады. Олар тілші-ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып, жалпы жұртшылықтың назарынан тыс қалмай келеді. Бұл ғұлама ғалымның тіл мәселесіне қатысты ойларының құндылығын көрсетсе, тіл білімі оның ішінде ғылым тілі – қазақ терминологиясы жайындағы еңбектері елеулі.

Қазақ әдеби тілінің ғылыми стилі немесе терминология мәселесі туралы сөз болғанда оның тууы мен қалыптасуына және термин сөздерді жасауда зор еңбек еткен, тікелей қатысқан екі үлкен тілші – ғалымымыз А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановты атамасқа болмайды. А.Байтұрсынов – қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы әрі терминтану ғылымының атасы десек артық айтпас едік. Ол – қазақ тілі мен әдебиетінің терминдерін жасай отырып, ғылым тілін қалыптастыру, игеру үшін емле мәселесін реттеп, шешіп алу керектігін айта отырып, «Дұрыс емле мен қате емлені айыруға менің ойымша бұлай қарау керек шығар деймін: тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Мен, ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек, тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңып, байласа, қытай қатындарының аяғы болып шығады» деген еді [6]. Яғни, қазақ тіліндегі жоқ дыбыстарды зорлап әліпбиімізге кіргіземіз деу бекершілік деп табады. Және оның осылайша емле мәселесіне аса көңіл қою себебі – сол кездегі тілімізге тасқындап еніп жатқан бөтен сөздерге және олармен бірге тілімізде пайда болған жат дыбыстарға тосқауыл қоюды ойлағандықтан туындап жатқандай. Ал, ғалым

оларды тілімізге ендіру қажет болса, қазақ тілінің фонетика–грамматикалық заңдылығына бейімдеп қабылдау керек,- дейді.

Ал, заңғар жазушымыз М.Әуезовтің жоғарыда аталған алғашқы мақаласы мен А.Байтұрсыновтың осы мақаласының арасында төрт жылдай уақыт айырмашылығы болғанмен, екеуінде де сол уақыттың өзекті мәселелерінің бірі – ғылым тілі және қазақ жазуын бір ізге түсіру мәселесі сөз болған. Сондай-ақ сол кездегі осы мәселеге қатысты А.Байтұрсыновтың, Х.Досмұхамедовтің, М.Дулатовтың және т.б. оқымысты-ағартушы ғалымдардың соңына қалдырған еңбектеріне көңіл аударсақ, бәрін бірдей мазалайтын, алаңдатып ойландыратын бір-ақ нәрсе бар екенін білеміз. Ол – оқыту, халыққа білім беру, қысқасы ағартушылық мәселесі. Осы діттеген мақсатқа қалай жетуге болады дегенде бәрінің көзқарасы, ұстанған ұстанымдары бір жерден шыға да бермейді. Олардың позициялары әр басқа. Мұсылманша оқығандар араб әліпбиін (алфавит) одан әрі дамытып, ғылым тілін және оның аталымдарын (термин) қазақтың өз тіл байлығының негізінде жасауды көздейді. Не болмаса, ол сөздерді басқа тілдерден алғанның өзінде де, қазақшалап алу керек деген бағыт ұстанған.

Кез келген терминжасам білім мен шығармашылықты талап ететін күрделі үрдіс екені бәрімізге белгілі. Ол терминдеріміз өнімді және сапалы болуы үшін ғылыми негізделген әдіснама мен технологияны қажет етеді. Ғылыми әдебиеттерде терминжасам үшін, ең алдымен мемлекеттік фонетикалық және орфографиялық стандарттары ресми түрде бекітілу принципі орындалуы тиіс. Өйткені кез келген термин – сөз, аталым нәтижесі болып табылары сөзсіз.

Термин болмыс пен шындықты, әлеуметтік-қоғамдық қатынастарға қатысты белгілі бір ұғымды нақты бейнелеуге тиіс. Терминнің басты алғышарттары – қолданылатын белгілі бір аясының болуы, объективтілігі, тұрақтылығы мен орнықтылығы, стильдік тұрғыдан бейтараптылығы, яғни экспрессия, әсірелеу, көңіл-күй, субъективті түсінік көрініс бермеуі тиіс. Ал осы мәселелер ұлы жазушымыздың әр кезде жазған ойларында көрініс тауып отырған.

Мәселен, ғылыми мәтінде термин неғұрлым көп болса, ол соғұрлым дәл, айқын әрі тұжырымды болады. Демек, терминдердің өзінің тура, көпшіліктің ұғымына, қабылдауына оңай мазмұнда қолданылуы – міндетті шарт. Яғни, мағынасы бұлыңғыр, екіұшты ой туғызатын, айқын тұжырымдалмаған терминдер болмауға тиіс.

Ал, осы бағытта тілші-ғалымдарға орысша оқыған, оның мәдениеті мен әдебиетінен, ғылым мен ілімінен хабардар, бірқатар орысша оқығандар қарсы позиция ұстанып, орыс оқуына бүйректерін бұрады. Олар орыс оқуы арқылы Еуропа мәдениетін, ғылымын пайдалану қазақ халқының болашағы үшін тиімді деген көзқараста болған. Сол себептен болар, XX ғасыр басында ғылым тілі және ғылыми аталымдар жөнінде екіжақты көзқарас пайда болғандығы байқалады. Солай бола тұрса да, болашақ ғылым тілі қандай болу керек деген мәселеге екі түрлі көзқарас болғанымен, барлығына ортақ бір іс – қалайда қазақша оқулықтар жасау екенін аңғарамыз. Ал ол үшін ғылым тілі қажет еді. «Білім алудың жолы көп, жолдың ішінде ең төтесі - жақсы мектеп, мұнан қалса, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары. Мектеп жақсы болу үшін құралдары түгел, саймандары жеткілікті болуы шарт. Құралды, сайманды түгіл, құралсыз да мектеп жоқ. Сондықтан мектепті түзеу – біздің бірінші жұмысымыз», – деп жазады ұлт болашағын ойлаған Х.Досмұхамедұлы [7].

Сол себепті ұлт болашағын ойлаған зиялы қауым өкілдерінің ішінде өз ана тілінде еңбек жазып, халқына таратпауы туралы реніш білдірген М.Әуезовтің төмендегі пікірі қазіргі біздер үшін ғылыми еңбектерін өзге тілде қорғап жүргендерге орынды айтылған сөз деуімізге әбден болады. Онда «қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар, математиктер өз еңбектерін өз халқы тілінде жазып таратпауын немен ақтауға болады?» - деп реніш білдіре отырып жазса, екіншіден, «біздің бүгінгі әдебиет тіліміз байығанда, сол ғылым-техниканың бар саласындағы ұғым, түсініктер, атаулар молынан кіретіндіктен байиды дейміз. Ендеше, сол сөздерді, сол ғылымдарға байланысты, тіл, орам шеберлікті осы ғылымдардың өз мамандарынан артық қазақ тілінде айтып бере алатын шеберлерді, қайраткерлерді бір жақтан қарызға сұрап аламыз ба? » [8] - деп батыра айтады. Дегенмен, тәуеліздік алғанымызға біршама уақыт өтсе де, әр салада ғылыми еңбектерін орыс тілінде қорғап жүрген қаракөздеріміз жеткілікті.

Сайып келгенде, термин – адам танымының тілдік таңбасы болып табылады, яғни адамның басты рухани, ғылыми және материалдық игілігі болғандықтан, гнеосеологиялық, семиотикалық, семантикалық үштіктің бірлігі және нәтижесі. Ал, терминдердің ең басты қызметі – ғылыми ұғымды білдіру, сол арқылы ғылымды дамыту болса, сол ғылыми ұғымды білдіретін терминдерді, терминология ғылымының қалыптасып, дамуына өзіндік үлесін

қосқан заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің қосқан үлесінің мол болғанын ауыз толтырып айтуға болады. Сонымен бірге, термин мамандарға, ғалымдарға ғана қажетті шартты таңба емес, ол - халықтың ақыл-ой санасы, ұлттық рухани қазынасы екені әрбір еңбегінде көрініс табады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Р.Сыздықова. Абай тілінің зерттелуі // Абай тағылымы, Алматы. Жазушы, 1986.
2. М.Серғалиев. Сөз сарасы табылар іздегенге. Жұлдыз. №7, 1977.
3. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы, Ана тілі, 1992.
4. Х.Досмұхамедұлы. Аламан, Алматы, Ана тілі. 1991.
5. М.Дулатов. Тіл құрал // Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы. Ғылым, 1993.
6. Ш.Құрманбайұлы. Алаш зиялылары және терминтану. Алматы. Ел-шежіре, 2008.
7. М.Әуезов. Он екі томдық шығармалар жинағы. 11 том. Алматы. Жазушы, 1969.
8. М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19 том. Алматы. Жазушы, 1985.

В статье дается анализ научным концепциям М.Ауезова об образовании, правилах перевода и становлении казахской терминологии в Советский период.

The analyze of M. Auezovs concepts about education, the rules of translation and development of Kazakh terminology in the soviet period is given in the article.

ӘОЖ 81/ 36: 161.26

Құсайынова Ж.А.

ф.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы ҚАУ

**ОҚШАУ СӨЗДЕРДІҢ МОДАЛДІ МАҒЫНАНЫ АЖЫРАТУ
ҚЫЗМЕТІНЕН**

Грамматикалық белгісі синтаксистік құрылымдар аясында ғана ажыратылып, сөйлемнің жалпы мазмұнына қатысты айтылатын қолданыстар қатарына оқшау сөздерді жатқызамыз. Олардың сөйлем аясында басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түспейтіні белгілі. Бірақ «сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының қалай қарайтынын білдіретін» [1, 234] басты қызметтері аталған қолданыстардың модалділік санатына қатысын айқындайды.

Оқшау сөздердің негізгі үш түрінің де (қаратпа, қыстырма, одағай) сөйлеуші көзқарасын, сөйлеуші қабылдауын саралауда өзіндік үлесі бар. Дегенмен өзара салыстырсақ, олардың орны, қызметтері тең дәрежеде емес.

Айталық, қаратпа сөздердің өзі модалді мағынаны ажыратуда екі түрлі қызметімен көзге түседі: кейде қаратпа сөздер модалді мағынаны даралауда негізгі амалдар ретінде қабылданса, кейде бұл қызметте олар қосымша амалдар болып табылады.

Қаратпалардың бірінші деңгейдегі қызметінен нені аңғарамыз? Бұл қатарда қаратпа сөздердің кейбір түрі сөйлеуші көзқарасын, қабылдауын тікелей ажыратуға тірек болады. Қаратпа сөздер қызметінде көп жағдайда зат есімдер қолданылатыны белгілі жайт. Бірақ жоғарыдағы негізгі амалдар қызметін атқаруда зат есімдерден жасалған қаратпаларды жасалуын ескеріп (эмоциялық рең кейбір зат есімдердің бойынан ғана көрінетіндіктен, яғни жаппай көрініс бере алмайтындықтан), іріктеуге тура келеді. Себебі, эмоциялық реңі айқын танылып тұратын түрлері ғана қаратпаларды модалді мағынаны айқындайтын негізі амалдар дәрежесіне жеткізеді.

Х.М. Нұрмұқанов та бұл қызметте (эмоцияны, модалді мағынаны айқындауға қатысты) сөздердің үлесі тең емес деп нақтылайды да, төмендегі ойларымен қорытады: «Алдымен, мысалдарды көрейік: 1 Қодар: **«Қарағым, Қамқа, бүгін күн жұма ғой осы?»** - деді. 2. Қамысбай **«шаш ал десе, бас алатын»**, Майбасардың өзінен асқан **бүлік, бұзақы, қанқұйлының өзі** (М.Ә). 3. **О тоба, Қазанғаптың да менен сыр жасырғаны ма!**. 4. **Әттеген-ай, әнтек бұрын келсем!** (Ғ. Мұст.)

«Осы сөйлемдердегі белгіленген сөздердің (**қарағым, бүлік, бұзық, қанқұйлы, о тоба, әттеген-ай**) барлығы да эмоциялы мәнді. Себебі, бұлар - айтушы адамның әр түрлі көзқарасын, көңіл-күйін білдірумен бірге, жүрегіне де әсер ете алатын сөздер. **Қарағым** сөзінен, біріншіден, ендігі ұлы да, қызы да, келіні де осы жалғыз Қамқаға деген Қодардың әкелік, аталық жүрек мейірімін (жақсы көру сезімін) аңғарамыз. Екіншіден, айналып-толғанып, қарағым-шырағым деп отырған атасына Қамқаның да бейтарап жүреппен қарай алмайтынын, яғни бұл сөз Қамқа жанына да жылылық құйып ұнамды жауап сезім реакциясын туғызатынын түсінеміз» дей келе [2], бұндай сөздерді «эмоциялық айрықша лексикасы бар» сөздер деп даралайды.

Эмоциялы реңдегі зат есімдерден жасалған қаратпалар сөйлемдегі ой желісінен өрбитін модалді мағынаны айқындауға

басқа құрылымдармен тең үлес қосады. Мысалы: қалқатай, қалқам, қарағым, шырақ, жарқыным, т.б. зат есімдері сөйлеуші көзқарасының, субъекті қарым-қатынасының, өзара түсінісу дәрежесінің қандай астарда екенін бірден аңғартады. Мысалы: **Қарағым-ау, күнім-ау, сен білмеуші ме едің?** (Ә.Тарази, 122). **Сенің бұл батырлығың жан-далбаса сандырақ шығар-ау, көкешім!** (Ә.Тарази, 335).

Қаратпа сөздер заттанған сын есімдерден жасалса, қосымша дәнекерсіз субъектінің бағалауынан хабардар етеді. **Малғұн! Малғұн! Не бүлдірдің сен!** (Ә.Тарази, 331). **Әй, ұятсыз-ау! Сен кеңес офицері екеніңді қалай ғана ұмыттың?!** (Ә.Тарази, 332). **Жанаяр! Жексұрын! Тас төбеңе қадалған фашист пен құйрығыңа шанышылған фашистің мазағына қал енді!** (Ә.Тарази, 340). **Өзіңе де сол керек, қопал неме!** (Ә.Тарази, 313). **О, жетесіз! Енді, міне, сол масқарадан құтылудың сәті туды** (Ә.Тарази, 313). **Жолың болсын, батыр!** (Ә.Тарази, 315).

Ал кейбір қаратпалардың қызметі тек көмекші дәнекерлер сипатында. Олардың жұмсалыу мақсатын, интонациялық сазын өзі қатысқан сөйлем құрылымындағы ой желісінен ажыратамыз. Мысалы: **Ербол аға, мыналардың орынсыз күлкі, жалған сықағын тыйыңызшы** (М.Әуезов, 9). **Дәрмен, сен шабытыңды ірке тұр** (М.Әуезов, 8). Сөйлемдегі қаратпалардың модалді санатына қатысты реңкті ажыратуда үлесі маңызды орынды иеленбейді, керісінше, оның интонациясын өзі қолданысқа түскен сөйлем анықтайды. Яғни, субъектінің наразылығын, қарсылығын, өтінішін суреттеген тұтас құрылым қаратпа сөздің мағынасын, қызметін басқарған.

Кейбір қаратпа сөздердің реңкін сөйлемдегі эмоциялы сөздер анықтайды. Мысалы: **Лима, кішкентай ғана бауырым менің** (Ә.Тарази, 5). Мысалда айқындалып тұрғандай, мұндағы қаратпа сөздің ырғағын, айтылуын сөйлемдегі «кішкентай» және «бауырым» сияқты эмоциялы мәнге ие сөздер ашады.

Модалді мағынаны түрлендіретін қолданыстар – қыстырма сөздер. Грамматикалық қызметі нақтыланғанмен, белгілі бір сөз табына қатысы әлі жүйеленбеген. Зерттеушілердің бір тобы қыстырма сөздерді демеуліктер қызметіне жақындатса, екінші тобы модаль сөздерге жатқызады. Дегенмен қыстырма сөздердің «сөйлем мүшесі бола алмайтыны, сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне сөйлеушінің қалай қарайтынын білдіретін» қызметі айқын [3,183].

Н.Оралбаева, Ғ.Мадина, А.Әбілқаев қыстырма сөздердің бұл қызметін нақтылай келе, төмендегідей сипаттама берген: «Қыстырма сөздердің міндеті сөйлемнің негізгі мазмұнына мағына жағынан, сөйлеушінің ойын түрлендіру, құбылту жағынан қосатын алуан түрлі модальдық мәндері болады. ...Бірде айтылған ойға кәміл сенімді немесе жорамал, болжауды білдірсе, бірде айтылған ойға басқа біреудің қатысы бар екенін көрсетеді» [4, 261].

Қыстырма сөздерді М.Ә.Қараев басқа адамдарға деген әр түрлі қарым-қатынасын білдіруіне қарай бірнеше мағыналық топтарға бөледі:

«1. Сөйлеушінің айтылған ойға эмоциялық тұрғыдан бағалауын, яғни өкінгенін, қуанғанын, таңданғанын, разы болған-болмағанын білдіретін қыстырма сөздер. Бұл топқа жататын қыстырмалар: қайтейін, не шара, амал қанша, амал не, (амал бар ма), амал нешік, өкінішке орай, сорына (сорыма) қарай, соры қайнағанда, бақытыма (бақытымызға, бақытына) қарай, не керек, бәсе, т.б.

2. Сөйлеуші айтылған ойға сенетін-сенбейтіндігін, қостайтын, қостамайтындығын, жорамал, болжал жасалатынын білдіретін қыстырма сөздер. Мысалы: сірә, тегі, асылы (әсілі), зады, әрине, әлбетте, рас, сөз жоқ, шынында, шынын айтқанда, шынын айтса, шынын айтсақ (расын), кім біледі, бәлкім, ұмытпасам, жаңылмасам, мүмкін, т.б.

3. Айтылған ойдың кімнің тарапынан екенін көрсететін қыстырма сөздер. Мысалы: меніңше, сеніңше, сіздіңше, оның айтуынша (ойлауынша), пәленнің айтуынша, әлі есімде, т.б.

4. Тыңдаушының назарын аудару үшін қолданылатын қыстырма сөздер. Мысалы: айтпақшы, айтқандай, тіпті, әне, міне, мінеки, кәне, мұның үстіне, ол-ол ма, бұл-бұл ма, өздеріңізге мәлім, көріп отырсыздар, білесің бе, байқаймын, т.б.

5. Сөйлеуші айтатын ойының ретін, желісін айқындап, ойды түйіндеу, қорыту, саралау мақсатында қолданылатын қыстырма сөздер. Мысалы: қысқасы, негізінен, жалпы алғанда, бір сөзбен айтқанда, қорыта айтқанда, былайша айтқанда, т.б.» [3,184].

Бұл - қыстырма сөздердің бастапқы грамматикалық қызметтері. Ал осы жіктеген қыстырма сөздердің барлығы, сөйлеу тіліндегі түрленуіне назар аударсақ, модалді мағынаның түрлі бояуын даралайды.

Олардың әр түрлі қызметте жұмсалуды жеке талдауды қажет етеді. Біріншіден, кейбір қыстырмалардың мағынасы сөйлем

аралық байланыстан анықталады. *Мүмкін, мен... Мүмкін, мені осы дүниеге байлап қойып жібермей жүрген Катям мен Вовкам шығар. Солар болмаса, кім білсін* (Ә.Тарази, 41). Мысалда болжал реңкін үстейтін «мүмкін», «кім білсін» қыстырмаларының қызметі екінші қырынан дараланған. Яғни, қолданыста субъектінің сенімсіздігін ашуға тірек болған.

Қыстырма сөздердің қолданыстағы сипатын мәтін аясындағы жағдаят басқаратынын, түрленуін, көп мағыналылық белгіні игеруін төмендегі мысалдар да айғақтайды. Мысалға назар аударсақ: ...Көңілде үміт, жүректе діріл бар. Көк еркесі көк қаршығаға деген бастанғы базыналық таңның қылаң беруін күтеді. Сабырсыз өткен сағаттарда Ақан өз өмірінде талай қыранды қолға түсіргенін ойласа, Шорақазы Ақан серінің құсбегілігі жайында жалпақ елге жайылған алып қашпа лақапты еске алады. Дақпырттың шындығына бүгін таңда көзі жететіндей сезінеді. Таң елең-алаң атып келе жатқанда Ақан Шорақазының құлағына сыбырлап:

- Көзің жетсе, шоқының шың басына қарашы. Қаршыға отыр ма екен?- деді. Шорақазы қаршығаны көре алмады. Енді біршама уақыт өткенде, Шорақазы сасқалақтап: - Ойбай, Ақан аға, қаршыға сілкінді. Сірә, ұшады білем... - деді (Т. Әлімқұлов, 53). Мұндағы «сірә» қыстырмасы алдыңғы сөйлемдер жетегінде қолданылып, әрі үміт, әрі сенімсіздік модалді мағыналарының қатар көрініс беруін даралауға сеп болған.

Бұл ерекшеліктер басқа да тілдік қолданыстар сияқты қыстырма сөздердің де сөйлеу тілінің ерекшелігіне сай құбылып, қолданыстағы түрленуін көрсетеді. Қаратпалардың бұл белгісі оларды іштей бір-бірімен қызметтік тұрғыдан синонимдік қатарға дейін жеткізеді де, белгілі бір модалді мағынаның семантикалық өрісін қалыптастыратын тілдік амалдардың қатарында топтастыра қарауға сеп болады.

Жалпы, өріс теориясы - жан-жақты ұғым. Бұл мәселеге қатысты С.Құлманов: «Өріс ұғымы тіл білімінде тілдегі құрылымдық-функционалдық әдістің белгісі ретінде ұғынылады. Е.В.Гулыга, Е.И.Шендельстің көрсетуінше, өзара әрекеттесетін тілдік құралдардың жиынтығы грамматика-лексикалық өрісті түзеді. Ал лексика-семантикалық өріс ұғымы арқылы (ономосиологиялық тұрғыда) және сөз арқылы (семасиологиялық тұрғыда) анықталады. Семасиологиялық зерттеулер сөзден ұғымға, ал ономосиологиялық зерттеулер, бұған керісінше, ұғымнан сөзге қарайғы бағытта

жүргізіледі. Ал дерексіз фразалардың біріккен жүйесі фразалық трансформациялық өріс болып табылады. Трансформациялық өріске тілдің әр түрлі деңгейіне жататын құрылымдар – күрделі сөздер, сөз тіркестері, құрмалас сөйлемдер кіреді. Семантикалық өріс – мазмұндық ортақтығына байланысты біріккен сөздер жиынтығы» деп, негізгі түрлерін, дербес белгілерін кеңейте сипаттайды [5, 25]. Ал біз қарастырған қыстырма сөздердің сөйлеуде қалыптасқан қызметінің нәтижесінде пайда болатын қызметтік өрісін семантикалық өріске жатқызуға болады.

Айталық, **өкініш** модалді мағынасын айқындайтын семантикалық өрістің құрамына тыңдаушының назарын аудару үшін қолданылатын «міне» қыстырмасы, сөйлеуші айтылған ойға сенетін-сенбейтіндігін, қостайтын, қостамайтындығын, жорамал, болжал жасалатынын білдіретін «шынымен» қыстырма сөздерін жатқызып, сөйлеу тіліндегі түрлену сипатына қарай бір топта қарауға болады. *Қараспан әулетіне дақ түсірмеу әрқайсымыздың міндетіміз деп, өзара әңгіме айтып қоятын. Енді, міне, Лима өнер шығарыпты* (Ә.Тарази, 3). **Шынымен-ақ**, осы арада, тап қазір, түк тындырмай, қыбыр етуге мұршам келмей опат болғаным ба? **Шынымен-ақ**, тап осылай... нақақтан... өткенім бе?! (Ә.Тарази, 360).

Қыстырмалардың қолданыстағы көріністерін саралау нәтижесінде, **болжал** модалді мағынасының семантикалық өрісін ажырататын амалдардың тобын төмендегідей топтаймыз: «мүмкін», «сірә», «әлде», «кім білсін», «демек», «шамасы», «бәлкім» қыстырмалары - бұл қызметте өзара синонимдес амалдар. **Мүмкін**, менікі асылық шығар, бекер жала жауып жатқан шығармын, **мүмкін**, бұл кісі өз мамандығының шебері шығар (Ә.Тарази, 25). *Күн жарықтық көтеріле бастаған-ау, сірә, орман ішін қапырық ауа тұмшалап тастапты, үф еткен самалдың нышаны да білінбейді* (Ә.Тарази, 305). *Сол жалғыз арық шүрегейдің тілеуін тілеп отырған шиеттей аш бала бар ма үйінде, әлде, сол жалғыз арық шүрегейдің қалжасын аңсап отырған жары бар ма, кім білсін, мерген бүгін үйіне құр қол қайта алмайды* (Ә.Тарази, 311). *Әлде, түк тындыра алмай кетіп барамын дегісі келді ме екен* (Ә.Тарази, 295). *Болсам деп талпына білген таныстықпен, жекжаттықпен, сүйеумен жетті ме бұл биігіне, кім білсін* (Ә.Тарази, 25). *Жақындай келе анық аңғарды – бұл байқаған қозғалыс өзеннің шығыс жақ бетінде, демек, неде болса біздің адамдардың әрекеті* (Ә.Тарази, 319). *Өмірінде ілкі мәрте, бәлкім,*

соңғы мәрте Зорданның қара түннен үрей сезінгені осы болар (Ә.Тарази, 242). Мені, жау деп шошыды-ау, **шамасы** (Ә.Тарази, 322). Аналар асығар емес, зеңбіректерін әбден дәлдеп көздеп, бір-ақ басып салмақшы болды-ау, **шамасы**, асығар емес, бірден құртпақ, бірден бұның көзін жоймақ (Ә.Тарази, 360).

Сенімсіз модалді мағынасын айқындаған төмендегі қыстырма сөздер белгілі жағдаят астарымен, қолданыстағы сипатын салыстыра қарасақ, өзара грамматикалық амалдардың бір дәрежедегі семантикалық өрісіне кіреді: яғни, сенімсіз мағынаны ашуда, «қайдам», «мүмкін», «қалай» қыстырмаларын өзара бір сатыдағы құрылымдар ретінде жақын қараймыз. Мысалы: *Ай, қайдам-ай, мынадай директор болған соң, ешкім тексере қоймас, ешкім мұның не деп кінә таға қоймас* (Ә.Тарази, 25). *Бірақ ағам мен жеңгем саспа деп қояды, көндіреміз деп қояды, қайдам* (Ә.Тарази, 40). *Құспанда еш жоқ, генерал қазір «болмайды» десе бұл қайтпек?! Мүмкін, ешбір рұқсатсыз-ақ жүгіріп барып Зорданның самолетіне отыра салып ұша жөнелер* (Ә.Тарази, 311). *Мен, мүмкін, оның сол сұлулығын көре алмайтын шығармын* (Ә.Тарази, 302). *Көмекші батальонның командирімен керілдесіп қалғанына қаниша өкінгенмен, сол ұстасудан аз да болса жаны жай тауып қалған тәрізді ме, қалай, бұрын сезінбеген тың сезімнен кәдімгідей ляззат алып қалған ба, қалай, әлдекіммен тағы да айқайласа кеткісі келе ме, қалай* (Ә.Тарази, 300).

Құптау модалді мағынасын ашуда «әрине», «шынында», «рас» қыстырмалары бірігеді. Мысалы: - **Әрине!** – деп гүр еткен дауыстардың бір мезгілде тұтасып шыққанына Зордан таң қалды (Ә.Тарази, 195). – *Тепе, бұның не сұмдық? Бұндайың жоқ еді ғой! Шынында да, бұндайым жоқ еді ғой* (Ә.Тарази, 306). *Төмендегілер, шынында да, біздің солдаттар екен, осы қылтаң тұстан көпір сала бастапты* (Ә.Тарази, 320).

Күдікті көзқарасын даралауда қолданыстағы түрленуіне қарай «кім біледі», «бәсе», «мүмкін» қыстырмаларын бір қатарда қарауға негіз бар. Мысалы: **Кім біледі**, бұл түннің бізге не дайындап тұрғанын (Ә.Тарази, 195). **Бәсе**, бұл не қылған мамыражай, бейбіт өмір деп едім-ау (Ә.Тарази, 335).

Субъекті **үмітін** ашатын сөйлемдерде бірдей дәрежедегі реңк үстейтін «мүмкін», «бәлкім», «бәсе» қыстырма сөздерін грамматикалық қызметтері жақындатады. Мысалы: : *Он үш деген сан сайтанның ғана сүйетін саны емес шығар, менің де, мүмкін, сүйетін саным шығар! – деген сөздердің аузынан неге, қалай*

шығып кеткенін бұл өзі аңғармай қалған (Ә.Тарази, 196). **Мүмкін**, тіпті екеуі бірге оралып тамақ ішетін шығар, **мүмкін**, ол екеуі бүгінде тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан болар (Ә.Тарази, 290). **Бәлкім**, аман қаларсың, **бәлкім**, анау екеуінің атқан оғы саған тимес (Ә.Тарази, 341). Жүрегі, шіркін, әлі де болса жамандықты сезер емес. «Шырқау биікке көтеріліп алсам, арғы жағын көре жатармын!» Бекер обалы қайсы, Зордан досының он үшіншісі қанша мөңкіп, қанша тоңқығанымен, үні біресе қырылдап, біресе сырылдап, біресе ажылдап, біресе шажылдағанымен, көтерілер биігіне көтерілді, әйтеуір... **«Е-е, бәсе!»** (Ә.Тарази, 328).

Наразылықты айқындайтын қыстырмалар үнемі мәтіндегі жағдаятпен ілестіре талдауды қажет етеді. Төмендегі мысалда «мүмкін» қыстырма сөзі субъекті аралық наразылықтың астарын сипаттаған. Мысалы: *Сізден қашқақтап, Зоряға таяна бергенім, мүмкін, сіздің мұрныңыздан қорыққаным шығар! Сізден шегіншектеп, Зоряға таяна берсем, мүмкін, менің шикіл сарылардан гөрі қара торы жігіттерді ұнататынымды білдіргім келген шығар!* (Ә.Тарази, 247). Бұл қатарға қыстырмалардың әр түрінің де қатысы бар.

Жинақталған мысалдардың негізінде, қыстырма сөздердің қолданыстағы құрылымдық ерекшелігін даралауға болады.

Біріншіден, дара қолданылған қыстырмалар: *Әрине, жақсылық та мұғалімнен* (Ә.Тарази, 17). **Мүмкін**, сізбен бір полкқа жолдама алып бара жатқан шығармыз! (Ә.Тарази, 246). *Адамзат та бала тәрізді ме, қалай* (Ә.Тарази, 287). *Кешегі қырғын соғыс, кешегі шындық бүгін айтсаң біреу сенер, біреу сенбес елеске айналған жоқ па, сондықтан ба, кім білсін, сол күндер туралы Зордан әңгіме қозғауды көп қаламайды* (Ә.Тарази, 296).

Екіншіден, әр сипаттағы қыстырмалардың жарыса қолданылған түрлері: **Кім біледі, мүмкін**, мұның де кәдеге асар күні болар!... (С.Мұқанов, 7). **Әлде... құдай салмасын...** екеуі ажырасып кетті ме? (Ә.Тарази, 289). *Ол аттан мен, сірә, аунап түсіп қалдым-ау, шамасы, бала күнімнен атқа шаба алмайтын қопал едім, өзіме де сол керек* (Ә.Тарази, 306).

Үшіншіден, бір сипаттағы қайталана қолданылған қыстырмалар: *Алыстан қарауытып орман көрінеді, үміт орманы сол болар, мүмкін, сол арада екінші эскадрильяның штабы болар, мүмкін, бұлардың бүгінгі азабы осымен бітер, мүмкін* (Ә.Тарази, 189). *Ана кісі бұған әлдене айтқан-ау, шамасы, Арасанбай соны құптай мойындап, үнсіз қабылдаған-ау, шамасы* (Ә.Тарази, 118).

Қыстырмалардың құрылымдық жақтан түрлене қолданылуында елеулі айырмашылықтар көзге түседі. Дара қолданылған қыстырмаларға қарағанда қайталана қолданылған қыстырмалар екі жақты қызметті меңгереді. Біріншіден, сөйлемдегі модалді мағынаны дараласа, екіншіден, экспрессивтік бояуын үстемелейді. Ал қатарласа қолданылған қыстырмалар модалді мағынаның синкретті көрінісін саралайды. Айталық, жоғарыдағы бірінші мысалда субъектінің топшылауы мен үміті (екінші сөйлемде жорамал, күдік; үшінші сөйлемде болжал, топшылау) қыстырмалардың әсерінен бір сөйлем бойында қатар көрініс берген. Бұл қолданыстардың барлығы қыстырма сөздердің белгілі бір мақсатпен қолданылатынын көрсетеді. Яғни, оның стилистикалық та, грамматикалық та қажеттілігі байқалады. Осындай қызметін ескерген зерттеулерде қыстырма сөздердің сөйлемдегі орнын былайша қорытады: «Қыстырма сөздерді осы көрсетілген мағыналарында дұрыс қолданса, айтайын деген ой көркем, әдеби тілмен жеткізе сөйлеудің стильдік реңі өзгеше мәнерлі болады. Мысалы: Бәсе, ки десем, бір көнбейді. Ал, міне, үйретіп алыңдар! –деген сөйлемдердің қыстырмаларын алып тастап, «Ки десем, бір көнбейді. Ал үйретіп алыңдар!» деген түрде айтсақ, алғашқы мән-мазмұны, мәнері түгел сақталмайды, сөйлемдер айтушының көзқарасын толық ашып көрсете алмай тұр» [4, 262].

Оқшау сөздердің бір түрі – одағайлар. Олардың бойындағы көп мағыналылық бір одағайдың бірнеше функцияда қызмет атқаруына мүмкіндік береді. Мысалдағы «қой» одағайын жекіру, тыйым салу мағынасында қабылдаймыз. Бірақ одағайлардың қолданыстағы көп қырлы қызметі, түрленгіштігі модалділікке қатысты жан-жақты, көп мағыналы қызмет атқаруға бейімдейді. Мысалы: *Лима өйтпейді! Лима ақылды! Қой, әлгі сүмелектің қалжыңы шығар* (Ә.Тарази, 3). Мұндағы «қой» одағайы - субъектінің сенімсіз көзқарасын ажыратушы негізгі амал. Ал екінші сөйлемде дәл осы одағай құптау реңкін саралаған. Мысалы: *Қой, әскери қағиданы бұзу жарамас* (Ә.Тарази, 322).

Әдетте, «шіркін-ай» құранды одағайы субъектінің арманын, тілегін, сүйсінуін дараласа, қолданыстағы көріністері екінші қырын толықтырады. Мысалы: *Шіркін-ай, келіміз сендей болар ма еді?! (Ә.Тарази, 10).* Мұнда одағайлар сөйлеу тіліндегі түрлену қабілетімен көзге түсіп, сол мәтіндегі жағдаятпен астарластырсақ, субъекті үмітінен хабардар етеді.

Қорыта келгенде, оқшау сөздер - модалділік санатының жасалуына ұйытқы болып, сөйлеу тілінде түрленуге бейім, белсенді амалдар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1992. -240б.
2. Нұрмұқанов Х.М. Сөз және сезім (М.Әуезов шығармаларындағы эмоциялы-экспрессивті сөздердің мағыналық және стильдік ерекшеліктері). Монография. - Қарағанды, 2009.
3. Қараев М.Ә. Қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1993. -214б.
4. Оралбаева Н., Мадина Ғ., Әбілқаев А. Қазақ тілі. –Алматы: Қазақ университеті, 1993. -336б.
5. Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модалділігінің функционалды-семантикалық өрісі. –Алматы: Ценные бумаги, 2006. -155б.

В статье рассматриваются функции и роль обособленных слов в преобразовании смысловых особенностей категории модальности.

In the article functions and a significance of detached words in transformation of notional peculiarities of modality category are considered.

ӨОЖ 811.512.122:82-1:165

Оралбаев Ө.
ф.ғ.к., БҚМУ

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ДАМУ МЕКТЕБІ

Қазақ өлеңінің сан ғасырлық тарихында үзілмей келе жатқан дәстүр – замана тынысын кең ауқымда көрсету, дәуір тудырған оқиғалар мен өзгерістерді айту, бейнелілік пен көркемдіктің ара жігі ажырамас бірлігі, ерлік пен өрліктің, батырлық пен батылдықтың буындас жүйесі замана сынынан сүрінбей өтіп, біздің уақытымызға өзінің бар-болмысын барынша сақтай жетті. Есімі аңызға айналған сақ ғұламасы, шамамен б.з.д. 620-555 жылдары ғұмыр кешкен, өз пікірлерін поэзия тілімен өрнектеген, қазақ тілінің үндестігі бойынша Анарыстың – скиф патшасы Спаргапиптің шөбересі, Лик патшаның немересі, Гнурдың баласы Анахарсистің: «Менің бар жамылғым – сақтың шапаны, етігім – аяғымның терісі, төсегім – кең дала, таңғы асым мен түстігім – сүт, ірімшік және қуырдақ, сусыным – су» («Екімыңжылдық дала

жыры», антология, Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 17-бет.) деген тектік, түптік сөздерімен үндес.

Қазақ жырының өткені мен бүгінін салыстыра қарағанда, яғни қысқаша шолғанда, ойға келер пікірлерді жіктесек, қазақ поэзиясының тарихы тереңде, бастауы бағзы замандардағы жыраулық дәстүрге барып тіреледі. Сол бағзы дәстүрлер өзінің ажары мен бояуын әр замандарда әр реңге өзгертіп отырғанмен, жалпы ағысы мен тынысы негізгі ата дәстүрден алшақтап кетпейді. Ұйқас пен ырғақ, ой мен көркемдік кесте, айтар идея мен ұсынар шешім адамды адамгершілікке, тазалыққа, адалдыққа, имандылыққа, достық пен бейбітшілікке, отансүйгіштік пен патриоттыққа тәрбиелейді. Әдебиеттің асыл парызы да - осы.

Қазақ поэзиясы – осылайша мәңгілік мектеп қалыптастырған поэзия.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің қай-қайсысы да осы мектептен өсіп шықты. Осы мектептің тарихи сабағын алды, үйренді, үлгі алды. Тек қана үйреніп, үлгі алып қойған жоқ, бұрынғы бар мектепті одан әрі тақырыптық-мазмұндық, көркемдік-идеялық жағынан барынша кемелдендірді. Сағи Жиенбаевтың, Тұманбай Молдағалиевтің, Қадыр Мырза Әлидің, Жұмекен Нәжімеденовтің, Төлеген Айбергеновтің, Мұқағали Мақатаевтың, Шәміл Мұқамеджановтың, Бекен Әбдіразақовтың, Мұхтар Шахановтың, оларға ілесе, соғыстан соң туғандар деген атпен әдебиет тарихына енген келесі толқын Жарасхан Әбдірашевтің, Кеңшілік Мырзабековтің, Темірхан Медетбековтің, Иранбек Оразбаевтың, Серік Тұрғынбековтің, Тынышбай Рахимовтың, Исраил Сапарбаевтың, Күләш Ахметованың, Тұрсынай Оразбаеваның, Жұматай Жақыпбаевтың, олардың ізін ала еңсе тіктей бастаған елуінші жылы туған түлектердің, бір шоғыр талантты ақындардың, одан кейінгі арқалы дүбірмен 60-шы жылдары туған ақындар дүниеге келген 60-шы жылдары өмір есігін ашқан жас, дарынды толқынның, одан берідегі 70-80 жылдардағы дүбірлі топтың, тіпті күні кешегі, тәуелсіздік ту көтерген кезеңде туу туралы куәліктерін алған балауса балғын толқынның өкілдері қазақ даласын қуатты жырдың дүбірімен оятып, жыр көрігін қыздырып келеді.

Ақынның ақыннан айырмашылығы оның идеялық және тақырыптық ізденістеріне тікелей байланысты. Әдетте біз ақындарды жақсы ақын, орташа ақын немесе оқырманы жоқ ақын деп шартты түрде атағанда, оның поэзиясының қуаты мен күшін,

көркемдік деңгейі мен тіл шеберлігін, тақырыптық аясының кеңдігі мен тарлығын, жырлап отырған тақырыбын ақындық биіктен толық игеруін, айтар ойы мен көзқарасының рухани деңгейін, азаматтық позициясының күшті-әлсіздігін, жеке басының қуанышы мен күйінішін жалпыға ортақ тұрғыда жеткізе алуын, поэзияның ең басты шарттары мен қағидаттары - өлеңінің мазмұны мен түр бірлігін, жазған жырының заман тынысын қалай жеткізгендігін, ақынның адамдық қасиетінің туындысында қалай көрінгендігін айтамыз.

Ұйқасқанның бәрі өлең емесін кез келген оқырман біледі. Өлең адамды тебірентуі, ойландыруы, толғандыруы, қуандырып, шаттандыруы, өзінің жүрек түкпіріндегі дірілмен үндес, сырлас, мұңдас, тілектес, жүректес келуі қажет. Тақырыбы кез келген оқырманға ортақ болып көрініп, жырлап отырған мәселесі адамның көкейінен шығып, бейне бір сол жырды оқып отырған адамның өзі жазғандай әсер беруі тиіс. Міне, сонда ғана ол туынды шынайы, талантты шығарма деп бағаланады және қоғам да осы бағаға иланатын болады.

Ақын, әдетте өзінің жан дүниесіндегі халді жазған сияқты болып көрінгенмен, өлең көпке ортақ, көпке сенімді болғанда ғана шынайы өнер туындысы ретінде қабылданады. Қадыр Мырза Әлидің «жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді» деген қанатты сөзге айналған қағидасы өлеңнің қандай болуы керектігі және оған қойылатын талаптар қандай болатындығын қапысыз көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде, ақын Нұрлан Оразалиннің жырлары оқырманның ойынан шығып, оны ойландырып, толғандырып, сүйсінтіп, тебірентіп, кейде мұңайтып, кейде жігер беріп тыңайтып отырады. Өлеңнің ішкі ырғағы мен сыртқы түрін, терең мазмұны мен әуенді құйылысын еркін меңгерген ақын жазып отырған жырының қалай басталып, қалай аяқталатынын жақсы меңгере алатынын көрсетеді.

Ақын заман мен қоғам алдындағы парызы мен жауапкершілігін терең сезінген жағдайда ғана осындай халықшыл, елшіл өлең тудыра алады. Зар заман ақындары деген атпен әдебиет тарихына енген ақындардың шығармаларын барлап карағанда, олардың заман мен қоғам, уақыт пен кеңістік кезең туралы жырлары мен сарындары кешегі кеңестік идеологияға кереғар болғандықтан «зар заман» деген күйелі атқа ие болды. Шын мәнінде, олардың жырларындағы ой мен уайым қазақ халқының тағдыры мен тарихына перзенттік, азаматтық тұрғыдан шынайы жаны

ашығандықтан туған жырлар еді. Ақынның көңіліндегі атой мен аттанды, шарқ ұрған мазасыздық пен беймаза көңілді жұрты түсінсе, қаламгер қандай бақытты болар еді. Өкініштісі, «жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» деген кеңестік насихаттың кеселі әлі де қоғам көкірегінің жегі құрты болып тұрғаны ақиқат қой. Әйтпесе, ақын Жүмекен Нәжімеденов:

Биіктігі бір елі –

Мына жұрттың тұл пейілі.

Мұңыңды айтсаң – күледі,

Шыныңды айтсаң – күндейді, деп жазар ма еді?! (Жүмекен Нәжімеденов. «Менің топырағым», А, «Жазушы», 1985 жыл, 252-бет.). Бірақ, ақын қалай болғанда да өзінің жүрек түкпіріндегі сырын өз оқырманына ұсынады, өзінің көздеген мақсаты мен мұратын жұртына сыр етіп жеткізеді. «Қайран сөзім қор болды-ау, тобықтының езіне» деген Абайдың ақиқатын біз жұртынан түңілу немесе торығу деп біржақты қабылдамайтынымыз да сондықтан. Ақын өз халқына ренжи отырып жыр жазғанмен, ол өз халқын өліп-өшіп сүйеді, оның ыстық-суығына бірдей күйеді, күйінеді, бірақ елін ерекше жек көріп, одан безініп кетпейді. Әйтпесе, қаралы жылдарда халық үшін қаймықпай қауіп пен қатерге бастарын тіккен кешегі арыстар жазықсыз жан берер ме еді!

Ақындар ар алдында дар алдында тұрғандай жауапкершілік пен ерлікті қатар сезініп, бастарын бәйгеге тігеді. Өзі жоғалса да, сөзім жоғалмасын дейді. «Сөзі жоғалған жұрттың, өзі де жоғалады» деп Ахмет Байтұрсынов қалай тауып айтқан. Елдіктің ерлік сөзі емес пе?! Бұл сөз сананы қалай оятпайды!

Қорыта айтқанда, қазақ поэзиясының дәстүрлі мектебі арғы алыс кезеңдерден бүгінгі күнге дейін жеткен, ұзақ ғасырлық мерейлі мектебі бар үрдістен бастау алады. Сол бастау айдынды дарияға, жұртшыл жарияға, халықтық үн мен елдік сипатқа ие болып келе жатыр. Барымызды базарлап, қолдағыны ажарлап, өткенге салауат айта отырып, келер күндерге аманат – жаңа жырлар тудыра беретін жақсы ақындарымыз көбейе берсін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Екімыңжылдық дала жыры», антология, Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 2000 жыл, 750 б.
2. «Жиырманшы ғасыр жырлайды», 2 томдық антология, құрастырған Сауытбек Абдрахманов, Алматы, 1 том, «Раритет», 2007 жыл, 503 б.
3. «Жиырманшы ғасыр жырлайды», 2 томдық антология, 2 том, Алматы, «Раритет», 2007 жыл, 520 б.

4. Абай. «Екі томдық шығармалар жинағы», 1 том, Алматы, «Ғылым», 1977 жыл, 455 б.

5. Абай. «Екі томдық шығармалар жинағы», 2 том, Алматы, «Ғылым», 1977 жыл, 310 б.

6. «Алдаспан». 15-18 ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясы, Алматы, «Жазушы», 1971 жыл, 278 б.

В данной статье анализируется и научно-исследовательскими методами рассматривается истина времени, духовно-творческая связь и взаимодействие между временем и писателем в произведениях известных поэтов страны. Переданные ими в творческой форме – на языке поэзии, описание реалий современности и общества, своеобразность и пути тематического, художественного, идейного, содержательного поиска, достижения и успехи в многолетнем творчестве на основе стихов и поэм.

The article elaborates on thematic and creative peculiarities, as well as artistic mastership of a gifted lyric poets. The present study analyses the style and individual hand, the role and place of in Kazakh poets, tools and forms that enriched his poetry, his methods and approaches in exploring themes of truth in modern life, society, and age. The article proves all these theses through investigation of his poems.

ӨОЖ 811.512.122.373.231

Сабыр Ғ.К.
ЕҰУ-нің ізденушісі

НОҒАЙЛЫ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТІЛІНДЕГІ КІСІ ЕСІМДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ УӘЖДІЛІГІ

Ноғайлы жырларының шығу тарихы Ноғай ордасы тарихымен тығыз байланыста өрбіген. Ноғай Ордасын мекендеген тайпалар қазақ ұлтының қалыптасуына тікелей этникалық ықпал еткені анық. Ноғайлы әдебиеті дегеніміз - қазақ әдебиеті. Алтын Орда мемлекетінің өзі кезінде Ш.Уалиханов көрсеткендей «ноғайлының ауыр жұрты» атанған. Одан бергі дәуірде бүкіл кіші жүз ноғайлы жұрты еді. «Сарайшықтың саздары, қаңқылдайды қаздары, аман-есен жүр ме екен, ноғайлының қыздары», -деп немесе «Торы айғыр тоқпақ жалды тоғайда бар, сұлу қыз көзі қара ноғайда бар, көрінген қыздың бәрі сұлу емес, сұлу қыз, ақша мандай Жылойда бар», -деп айтылатын қара өлеңдер әрісі «қыпшақ» берісі «ноғай», «қазақ» этнонимдерінің қатар айтылғанын көрсетеді. Ал «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Едіге», «Ер Шора», «Орақ-Мамай» сияқты эпостар ноғайлы

заманының мұралары. Профессор Б.Момынова «XV-XVI ғасырларда өмір сүрген Жиренше, Асан, Доспамбет, Қазтуған, Шобандар ноғайлы-қазақ жыраулары болып саналуы тиіс», - дейді [1,138]. Бұл пікірге қосылуға болады. Сонымен қатар осы кезеңдердегі эпостық жырлар тарихи оқиғалар негізінде жырланған. Ноғайлы жырларының гауһары «Қырымның қырық батыры» жырлары. Қазақ халқының жан дүниесі, ішкі әлемі ежелгі дәуірлерден халықпен бірге жасасып, ұлтпен бірге жалғасып келе жатқан эпостық жырлардан анық көрінеді. Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батыры» жыры тілдік, лингвотанымдық тұрғыдан әлі күнге толық зерттелген жоқ. Бірнеше батырлардың ерлік дәстүрін топтастырып, жырлаған көлемді жырдың тілінде, мәтінінде мол тағылым, таным, халықтың дүниетану көзі жатқаны анық. Белгілі ғалым В.М.Жирмунский өз пікірін былай тұжырымдады: «Цивилизация казахско-ногайского эпоса очень свободная: поэмы «Нуреддин», «Муса хан», «Орак и Мамай», «Карасай и Казы», «Тел-Агыс» имеют каждая свой самостоятельный сюжет, расходятся в целом ряде фактических деталей и связаны только общими рамками генеалогии героев. Однако в недавнее время они были записаны в более тесном объединении и последовательности как часть огромного генеалогического свода, носящего заглавие «Сорок ногайских (или крымских) богатырей», который представляет попытку, по-видимому, позднейшей систематизации и циклизации сюжетов казахского эпоса по принципу родства между знаменитыми богатырями» [2, 393].

Мұрын жыраудан қалған ұлы мұраның тіліндегі кісі аттарының сырына үңілсек, ұлт мәдениетінің көкжиегі, таным-түсінігі айқындала түседі. Осы тұрғыда алсақ, кісі есімдері лексикалық құрамның бір бөлігі ретінде әлем бейнесінің тілдегі таңбалық бейнесі болып табылады. Яғни, антропонимдерді зерттеудің өзектілігі ұлттың жан-дүниесін, мәдениетін танумен үндесіп жатыр. Осы жырлардағы кісі есімдерін уәжділігі туралы да зерделесек игілікті іс болары хақ. Тілімізде қалыптасып, дамыған кез келген атау сөздер сияқты кісіге қойылатын аттардың өзіндік себебі, негізі болады. Сөздердің пайда болу сәтінде уәждеуі қатар жүретін құбылыс. Уәж, уәжділік деп атау сөзбен сөз белгілеп тұрған реальды заттар арасындағы мағыналық байланысты айтамыз. Профессор Б.Қалиев «Затты атау тек оны белгілеу процесі ғана емес, сонымен қатар тану процесі. Адам затты бірінші кезекте

толық танып алып, одан кейін ғана атау береді», - дейді [3, 52]. Яғни шындық өмірде белгілі бір нәрсеге ат қою үнемі жүріп тұратын құбылыс. Жырдағы кісі есімдерінің уәжін (мотивін) анықтау арқылы тілдің даму заңдылықтарын, баю жолдарын байқаймыз. Т.Жанұзақ пен Қ.Рысберген жалқы есімдердің әлеуметтік өресін зерттеу қажеттігін көрсете келіп, «кісі атының мағынасы сөйлеу тілді, белгілі бір ұжымда, әлеуметтік мәтінде екендігін анық көреміз», - деп тұжырымдады [4, 44]. Сайып келгенде, қазақ ұлтының кісі есімдері ұлттың қалыптасу, өсу тарихынан құнды ақпарат беретін қайнар көз іспетті.

Аталмыш жырларда қазақ халқының көшпенді тұрмыс-тіршілігі, төрт түлік малға негізделген шаруашылығы анық бейнеленген. Осы тұрмыс үрдістері адамдардың есімдерінен де байқалады. Жырлардағы *Жылқыбай*, *Қойқара*, *Құлынишақ* сияқты кісі аттары мал баққан елдің таным-түсінігін бейнелейді. Әр біреуін жеке сараласақ, *Жылқыбай* – жылқысы көп бай болсын деген мағынамен уәждеделген. *Қойқара* – қойдай жуас, қарайып, серік боп жүре берсін деген мәнде уәждеделген сияқты. Ал *Құлынишақ* атауы құлдырандаған кішкентай, кенже бала мәнінде уәждеделіп тұр десек қателеспейтін сияқтымыз. Профессор Қ.Жұбанов «...в этих личных именах мы имеем дело с далеким отзвуками тотемистического мировоззрения», - деп осындай кісі аттарын халықтық дүниетаным тұрғысынан зерделейді.

Жырларда *Тауыпберді*, *Тоқтамыс* сияқты кісі аттары наным-сенімге байланысты қойылған. Бала тұрмаудан зәрезап болған ата-ана әртүрлі ырымдарға сенген. Сондықтан өзім туған жоқпын, тауып алдым немесе құдай тауып берді мәнімен уәждеделген.

Адамзат дүниетанымында айнала қоршаған табиғатты киелі санап, оған табыну, құрбандықтар шалу секілді түрлі дәстүрлердің болғаны тарихтан белгілі. Мұндай жайлар, біріншіден, антропонимдердің жасалуындағы экстроллингвистикалық фактор ретінде қаралса, екіншіден, адам таным-түсінігі мен айнала қоршаған ортаға деген көзқарасының кісі аттарымен екі арадағы байланысын көрсетеді. Себебі, көне антропонимдердің біразының мазмұнынан осы ерекшелікті байқаймыз. Киелі деп танылған зат немесе құбылыс атауларының кісі есімінің құрамынан орын алуын, адамзаттың ғалам сырларын тануға деген ұмтылысының қадамы ретінде де қабылдауға болатын секілді. Бұл сол кездегі қоғамда наным-сенім түрінде көрініс тапқан еді. Көшпелі өмір табиғат құбылыстарына тәуелді. Түрлі апаттардан мал-жанын қорғау –

халықтың өмірін сақтаумен бірдей. Мысалға, жырда кездесетін *Көкие, Жаңбырышы* есімдері – осының дәлелі. Бұл есімдердің құрамындағы *көк, жаңбыр* сөздері уәждік қызмет атқарып тұр.

Профессор Қ.Жұбанов біріккен тұлғалы Кенжеқара есімін синтаксистік құрылымы жағынан талдай келіп мұндағы қара сөзінің мағынасына ерекше назар аударады: « . . . я вижу в данном случае в слове *қара* не значение «черный», а значение «опора», «стронник», встречающееся во фразе «кара жию» (вовлечь стронников своих); «біреудің қарасын көбейту» (увеличить /число/ стронников кого-либо) . . . » [5,156]. Ғалымның көрсетуінше, мұндағы *қара* сөзінің семантикасы номинативтік мағынасынан алшақ жатқандығын көреміз. Қ.Жұбанов келтірген Кенжеқара есімі секілді алғашқы не соңғы сыңары *қара* болып келетін антропонимдер жырда көптеп кездеседі. Мысалы, ер адамдар арасында *Иманқара, Қарабалта, Қарахан, Қарасай, Қарадөң, Қарамен, Қарабайыр, Қойқара*, ал қыздар арасында *Қараулек, Қарабек* есімдері бар. Мұндай кісі аттарында *қара* сөзінің профессор Қ.Жұбанов көрсеткендей «сүйеніш», «жақтас» мағынасымен уәждеделуін тек ерлер есімінен көре аламыз. Ал қыздар есіміндегі *қара* сөзінің семантикасы номинативтік мағынасына жақын, бұл жерде *қара* сөзі сұлулық мәнге ие. Ауыз әдебиеті үлгілері тілінде кездесетін қолаң қара шаш, қарақаттай мөлдір көз, т.б. тіркестер құрамында *қара* сөзі тұрақты эпитетке айналған.

«*Ақ*» сөзі көп жағдайда ауыспалы мағынада қолданылады. Оның бұл сыры жай уақытта байқала бермейтін, бірақ тілдің ұзақ тарихында халық мәдениетімен бірге қалыптасып, қолданыс дәстүріне айналған, оның күші мен күдіретін, әсерлігі мен әсемдігін паш ететін қасиет. Жырда «*ақ*» – сөзімен тіркесіп келетін антропонимдер өте көп. *Ақорал, Ақташы, Ахмет, Ақжонас, Ақтөре, Ақшахан, Аққозы, Ақтерме, Ақару, Ақбілек, Ақмөңгіш*. Бұл есімдер «пәктік, ақтық, махаббат, қайырымдылық» мәніндегі ақ сөзімен уәждеделіп, қалыптасқан. Қазақ халқы ұғымында «*ақ*» - ең қалаулы түс, қасиетті ұғым. Түркі тілдес халықтарға ортақ көне мұралардың көркемдік ерекшеліктерін зерттеуші И.В.Стеблева *ақ* сияқты айқындау Күлтегінге арналған ескерткіш, «Қорқыт ата», «Манас» сияқты мұраларда кездесетінін айта келіп, бұл көне түркілердің наным-сеніміндегі жақсылық нышаны екенін айтады [6,776].

Сүйін, Сүйінші, Жұбаншы антропонимдері ата-ананың сүйеніші болсын, тірек болсын деген мәнмен уәждеделіп, тұрақтанған.

Айқасқа, Байқасқа, Пиқасқа, Көкқасқа есімдеріндегі *қасқа* мағынасы *батыр* деген уәжге негізделген. Қалмақтың ханы өз батырларын қасқа деп атаған. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай Абайды Құлыншаққа жібереді. Сонда Абай Құлыншаққа әкесінің сәлемдемесін айтпас бұрын «Құлыншақтың бесқасқасы» деген тіркестің мағынасын сұрайды. Құлыншақ *қасқа* деген *батыр* деген мағынада деп түсіндірген. Төрт ұлы мен

бір немересі ел арасында «Құлыншақтың бесқасқасы» деген атқа ие болған екен.

